

KAZ
MINERALS



ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2024 жыл



МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ	22
ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕР ЕТУІ	30
МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР	58
ТЕРМИНДЕР СӨЗДІГІ	82





БАРЛЫҚ ТАРАПТАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

«KAZ Minerals Тобы Қазақстандағы және Қырғызстандағы тау-кен өндіру активтерін өндіруге және пайдалануға жауапкершілікпен қарайды.

Мыс өндірісі келешегі зор әрі тұрақты болашақ үшін маңызды рөл атқарады».

2024 жылы Тұрақты дамуды қамтамасыз ету

KAZ Minerals Қазақстандағы және Қырғызстандағы тау-кен өндіру активтерін пайдалануға жауапкершілікпен қарайды. Мыс өндірісі тұрақты даму жолында негізгі фактор болып табылады.

Мыс өндірісі тұрақты болашақты қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады, себебі мыс төмен көміртекті энергетикаға көшу және шығарындылары аз көлікті пайдалану үшін қажет, ал бұл салаларда оның айтарлықтай көлемі қажет болады.

Сонымен қатар, халықтың тұрмыс деңгейі жақсарған сайын инфрақұрылымды дамытуда мысқа деген сұраныс арта түседі. Мысқа деген қосымша сұраныс қоғамды толық электрлендіру және жасанды интеллект технологияларын енгізуге байланысты туындауы мүмкін, бұл қосымша деректер орталықтарын салуды қажет етеді.

KAZ Minerals Қазақстан мен Қырғызстандағы кен орындарын игеруде жауапкершілікті басты қағида етіп ұстанады. Біз төмен көміртекті экономикаға көшу үшін нарыққа мыс жеткізудегі өз рөліміздің маңызын жақсы түсінеміз.

Мыс өндірісіне қатысты Топтың стратегиясы болашақтағы сұранысты қанағаттандыру үшін төмен шығынды және ірі кен орындарын игеру мен пайдалану негізінде құрылып, қоғамның кең топтарына қызмет етуді мақсат етеді.

Қызметкерлердің және мердігерлердің қауіпсіздігін және денсаулығын қамтамасыз ету Топтың басты мақсаты болып табылады.

Топтың қауіпсіздік мәдениеті мен көрсеткіштеріне үздіксіз назар аударуы қауіпсіздікке қатысты оқиғалардың азаюы бойынша ұзақ мерзімді үрдісті қалыптастырды. Алайда, 2024 жылы Топтың Шығыс өңіріндегі және Бозымшақтағы жерасты кеніштерінде болған төрт оқиғада жеті адам қаза тапты. KAZ Minerals «Goal Zero» (Жарақат алмау) бастамасын іске қосты және кісі өлімімен аяқталатын барлық жазатайым оқиғалардың алдын алуға және сақтануға болады деп санайды.

Өліммен аяқталған әрбір жазатайым оқиғадан кейін негізгі себептерді анықтау және болашақта осындай оқиғалардың қайталанбауы үшін регламенттерге немесе өзге де қағидаларға өзгертулер енгізуді әзірлеу үшін мұқият тергеу жүргізіледі.

2024 жылы KAZ Minerals TRIFR көрсеткішін 1,08 деңгейінде қамтамасыз етті, бұл өткен жылғы нәтижелерге сәйкес келеді және ICMM орташа көрсеткішінен әлдеқайда жоғары.

Соңғы жылдары Ақтоғай мен Бозшакөл кен орындары Топ үшін мыс шығарудың негізгі көздеріне айналды. Ірі ауқымды, заманауи байыту фабрикалары Топқа мысты барынша тиімді өндіруге мүмкіндік береді.

2019 жылы KAZ Minerals компаниясы 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын бес жылдық мерзімде парниктік газдар (ПГ) шығарындыларының қарқындылығын және су тұтынуды 5%-ға қысқарту бойынша мақсат қойған еді. Бүгінде мен Топтың әлемдік деңгейдегі активтерінде мысты тиімді өндіру нәтижесінде осы мақсатқа қол жеткізіп қана қоймай, одан асып түскенін қуана хабарлаймын.

KAZ Minerals өз қызметін жүзеге асыратын елдерде елеулі экономикалық нәтижелерге қол жеткізуді жалғастыруда. Компаниямызда 14 000-нан астам қызметкер тұрақты әрі жоғары ақы төленетін, сұранысы жоғары лауазымдарда еңбек ететіні біз үшін мақтаныш. KAZ Minerals 2024 жылы Қазақстанда \$782 млн және Қырғызстанда \$46 млн көлемінде салық төлеп, ірі салық төлеуші ретінде өз позициясын сақтап келеді.

Мен сондай-ақ Топтың 2024 жылы 52 миллион доллар инвестиция салуға мүмкіндік берген әлеуметтік инвестициялар бағдарламасымен мақтанамын.

KAZ Minerals 2024 жылдың басында Қазақстанда болған қатты су тасқынының салдарын жоюға қолдау көрсетті, сондай-ақ Семейде мектеп салу және Павлодарда теміржол станциясын жаңғырту сияқты басқа да маңызды жобаларды жүзеге асыруға атсалысты.

2024 жылы KAZ Minerals барлық мүдделі тараптар алдындағы өз міндеттемелерін орындауды жалғастырды. Біз қызметімізде жоғары стандарттарды ұстануды жалғастырамыз және әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік біздің стратегиямыздың негізі болып табылатынын және біздің қызметімізді табысты жүзеге асырудың кілті ретінде қызмет ететінін мойындаймыз.

Олег Новачук
Байқау кеңесінің Төрағасы

Мен сондай-ақ Топтың 2024 жылы 52 миллион АҚШ долларын инвестициялауға мүмкіндік берген әлеуметтік инвестициялар бағдарламасын мақтан тұтамын.



Маңызды тақырыптарға бағалау жүргізу

KAZ Minerals жыл сайын Топ үшін өзекті болып табылатын тұрақты даму саласындағы ең маңызды тақырыптарға бағалау жүргізеді. Бұл бағалаудың мақсаты – 2024 жылы компания ішінде сыртқы кеңесшілердің кезеңдік қатысуымен жүргізілген бағалау нәтижесінде сыртқы және ішкі мүдделі тараптар үшін тұрақты даму саласындағы ең маңызды басымдықтарды айқындау, сондай-ақ жыл сайынғы тұрақты даму жөніндегі есептерімізде көрсетілуі тиіс тақырыптарды анықтау.

Бағалау нәтижелері оң жақта көрсетілген.



ЖОҒАРЫ
.....
СЫРТҚЫ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ
БАСЫМДЫҚТАРЫ
.....
БІРҚАЛЫПТЫ

- Биоалуантүрлілік
- Атмосфераға шығарылатын эмиссиялар
- Адам құқықтары

- Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- Кісі өлімімен болған жазатайым оқиғалар
- ПГ шығарындылары
- Еңбек қатынастары (ұжымдық келіссөздер мен қауымдастықтар еркіндігін қоса алғанда)
- Әлеуметтік инвестициялар
- Қалдыққоймаларды басқару
- Қалдықтарды басқару
- Су тұтыну және су ресурстарын басқару
- Өндірістегі жарақаттар және жазатайым оқиғалар

- Бәсекелестікке қарсы мінез-құлық
- Корпоративтік әдептің болуы және оны сақтау
- Шарттар бойынша міндеттемелерді орындау
- Экономикалық даму
- Жұмыскерлердің әл-ауқаты
- Алуантүрлілік пен тепе-теңдік
- Қалпына келтіру / жою бойынша іс-шаралар
- Қоныс аудару
- Мердігерлермен қарым-қатынас

- Еңбекті қорғау
- Еңбекақы төлеу және жеңілдіктер
- Ресурстарды тиімді пайдалану
- Кірістердің және салық салудың ашықтығы
- Оқыту және кәсіби даму

БІРҚАЛЫПТЫ БИЗНЕСТІҢ ІШКІ БАСЫМДЫҚТАРЫ ЖОҒАРЫ

Тұрақты дамуды қамтамасыз ету мақсаттары

2019 жылы Топ 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын бес жылдық кезең ішінде тұрақты даму саласындағы төрт негізгі көрсеткіш бойынша тиімділікті арттыруға бағытталған мақсаттар белгіледі. Нәтижелері төменде көрсетілген.

2025 жылы KAZ Minerals алдағы жылдары есеп беретін жаңа мақсаттарды белгілейді.

ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ МАҚСАТ: Өндірісте кісі өлімімен аяқталатын жазатайым оқиғаларды жою НӘТИЖЕ: KAZ Minerals 2021 және 2022 жылдары қызметін адам өліміне жол бермей жүргізіп, TRIFR көрсеткішін төмендету бойынша тұрақты оң үрдіске қол жеткізді. Алайда Топ 2024 жылы өндірістегі өлім жағдайларын жою мақсатына жете алмағанын өкінішпен хабарлайды және болашақта адам өліміне әкеп соғатын жағдайлардың алдын алу үшін жұмыстарды жалғастырады.	ПГ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ өңделген сульфидті кеннің бірлігіне МАҚСАТ: 5%-ға қысқарту¹ НӘТИЖЕ: Топ белгіленген мақсатты көрсеткішке қол жеткізіп қана қоймай, парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығын 18%-ға азайтты.	СУ ТҰТЫНУ өңделген сульфидті кеннің бірлігіне МАҚСАТ: 5%-ға қысқарту¹ НӘТИЖЕ: Топ су пайдалану көлемін 25%-ға төмендетіп, жоспарланған көрсеткішке қол жеткізді.	ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР МАҚСАТ: Әлеуметтік-мәдени мақсаттағы шығындарды жылына кемінде \$15 млн деңгейінде ұстау² НӘТИЖЕ: KAZ Minerals компаниясы бес жыл бойы әлеуметтік инвестициялардың көлемін жылына кемінде \$15 млн дейін сақтап келді.
---	---	--	---

1. Бастапқы жыл – 2018 ж. 2. Топтың әлеуметтік инвестицияларды бөлуі бойынша критерийлерге сәйкес келетін қолайлы жобалардың болуын ескере отырып.

Тұрақты даму жөніндегі есептілік құрылымы

Топ тұрақты даму бойынша есептің Жаһандық есеп беру бастамасының (GRI) әмбебап стандарттарына сәйкес келуіне назар аударады.

GRI әмбебап стандарттары – бұл тұрақты даму саласындағы есептілік стандарттарының жиынтығы. Оларды GRI жариялайды, ол 1997 жылы компаниялар мен мемлекеттер үшін бірыңғай есептілік стандарттарын әзірлеу мақсатында құрылған тәуелсіз ұйым болып табылады. 2023 жылы Тұрақты даму стандарттары жөніндегі халықаралық кеңес тұрақты даму бойынша екі жаңа есеп беру стандартын шығарды, Топ алдағы жылдар ішінде ерікті түрде оларға да сай болуға тырысады.

Топ 2021 жылы Тау-кен ісі және металдар жөніндегі халықаралық кеңес (ICMM) жариялаған кәсіби аурулар мен жарақаттардың белгіленген жіктеуішіне сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы өз көрсеткіштері туралы есеп береді.

Ұлттық контекст және экономикаға қосқан үлесі

KAZ Minerals Тобы – Қазақстанда және Қырғызстанда өндірістік кәсіпорындары бар мыс өндіруші компаниялар тобы.

Топ Қазақстанда Павлодар облысы мен Абай облысындағы Ақтоғай және Бозшакөл кеніштері мен байыту фабрикаларында, сондай-ақ Абай облысы мен Шығыс өңіріндегі үш жерасты кенішінде және екі байыту фабрикасында операциялық қызмет жүргізіп, 12 300-ден астам қызметкерді жұмыспен қамтып отыр. 2024 жылы Топ Қазақстаннан 90 мың тонна катодты мысты Қытай мен Еуропадағы өз тапсырыс берушілеріне (2023: 121 мың тонна), сондай-ақ негізінен Қытайға 297 мың тонна төленетін мыс концентратын (2023: 324 мың тонна) экспорттады.

2024 жылы Топ \$4 139 млн мөлшерінде сатудан кіріс алды, бұл ретте Қазақстанда төленген салықтар мен аударымдар сомасы \$782 млн құрады, оның ішінде \$287 млн мөлшеріндегі корпоративтік табыс салығы және төлем көзінен ұсталатын салық, сондай-ақ пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық \$374 млн құрады.

Топ сонымен қатар Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде 1 300-ге жуық жұмыскерді жұмыспен қамтып отыр. 2024 жылы \$46 млн сомасы мөлшерінде салық төлемдері төленді.

Топ 2011-2024 жж. кезеңінде Қазақстандағы Ақтоғай мен Бозшакөлдегі жаңа тау-кен өндіру объектілерінің құрылысына барлығы \$5 млрд қаржы салды.



2024 жылы Топ сатудан \$4 139 млн табыс тапты, бұл ретте Қазақстанда төленген салықтар мен аударымдар сомасы \$782 млн құрады.

ПРАКТИКАЛЫҚ МЫСАЛ

KAZ Minerals
компаниясының су
тасқыны салдарын жоюға
қосқан үлесі

2024 жылдың көктемінде Қазақстанда соңғы 80 жылдағы ең күшті су тасқыны болды, оның салдарынан негізінен елдің батыс және солтүстік өңірлері зардап шекті. Қардың жылдам еруі мен қатты жауын-шашын салдарынан ауқымды залалға әкеп соқты, осыған байланысты он өңірде төтенше жағдай енгізілді.

Су тасқыны салдарынан шамамен 6 000 үй су астында қалып, 118 000-нан астам тұрғындар өз үйлерін тастап кетуге мәжбүр болды. Апат салдарынан мыңдаған адам уақытша баспаналарға эвакуацияланып, бірнеше апта бойы сол жерде тұрды.

Су тасқыны жолдар, көпірлер және электр желілері сияқты маңызды инфрақұрылымға айтарлықтай зиян келтірді. Салдарынан апат аймақтарына жету қиындап, құтқару және көмек көрсету жұмыстары үлкен сынаққа айналды. Инфрақұрылымды жөндеу – қалыпты өмірді қалпына келтіру және эвакуацияланған тұрғындардың қауіпсіз оралуын қамтамасыз ету үшін басым міндетке айналды.

KAZ Minerals мемлекет бастамасымен жүзеге асырылған төтенше жағдайдың салдарын жою шараларына қатысып, су тасқынынан зардап шеккендерге көмек көрсету үшін қомақты қаржы бөлді. Бұл қаражат шұғыл қажеттіліктерді өтеуге және ұзақ мерзімді қалпына келтіруді қолдауға бағытталған маңызды бастамаларға жұмсалды.

Компания қаражатты су тасқынынан зардап шеккендерге баспана салу немесе сатып алу үшін бағыттады. Бұл бастаманың мақсаты – үйінен айырылған адамдар үшін қауіпсіз және қолайлы баспанаға тез қол жеткізу мүмкіндігін жасау. Жергілікті билік органдарымен бірлесе отырып, KAZ Minerals су тасқыны салдарын жоюға бағытталған шараларға күш салды. Мақсаты – адамдардың қалыпты өмірге тезірек оралуын қамтамасыз ету және негізгі инфрақұрылымды қалпына келтіруге қолдау көрсету болды.



KAZ Minerals мемлекет бастамасымен жүзеге асырылған төтенше жағдайдың салдарын жою шараларына қатысып, су тасқынынан зардап шеккендерге көмек көрсету үшін қомақты қаржы бөлді.

БҰҰ-ның тұрақты даму саласындағы мақсаттары

KAZ Minerals Тобы Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсатына қол жеткізуге өз үлесін қосады және жыл ішінде Топ өзінің осы мақсаттарға қосқан үлесі бойынша өз басымдықтары мен акценттеріне бағалау жүргізді. Қазақстан үкіметі белгілеген басымдықтарға сәйкес Ерікті ұлттық шолуда 2022 жыл ішінде Топ келесі бес мақсатқа басымдық берді:

8-МАҚСАТ – Лайықты жұмыс және экономикалық өсу

KAZ Minerals жоғары білікті мамандар үшін жоғары ақы төленетін жұмыс ұсынады; оның қызметкерлерінің шамамен 98%-ы Топ өз қызметін жүргізетін елдердің азаматтары болып табылады. Кәсіби даму Топтың корпоративтік құндылықтарының бірі болып табылады және KAZ Minerals қауіпсіздік бойынша оқытуды және басқа да кәсіби оқытуды ұсынуға тырысады. Топ жас қазақстандықтарға құнды дайындық пен кәсіптік білім беруді қамтамасыз ететін тағылымдамадан өтушілер мен түлектер үшін өте үздік бағдарламаны іске асырып келеді. KAZ Minerals сонымен қатар Қазақстандағы ірі салық төлеуші болып табылады және жергілікті және ұлттық деңгейлерде экономикалық өсуге ықпал етеді.

3-МАҚСАТ – Жақсы денсаулық және әл-ауқат

Топ қызметкерлері мен мердігерлерінің қауіпсіздігі мен денсаулығы біздің басты міндетіміз болып табылады және KAZ Minerals TRIFR төмендету бойынша алға қойған өзінің ұзақ мерзімді беталысын мақтан етеді. KAZ Minerals Тобы әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы аясында Қазақстандағы денсаулық сақтау жүйесін жақсартуға бағытталған кең ауқымды жобаларды қаржыландырды, сонымен қатар спорт клубтары мен объектілерін де қаржыландырды.

6-МАҚСАТ – Таза су және санитария

KAZ Minerals өндірістік процестерінде суды тиімді пайдалануға ұмтылады және 2024 жылдың соңында аяқталған бес жылдық мерзім ішінде өңделетін сульфидті кеннің әр тоннасына суды тұтынуды 5%-ға қысқарту мақсатына қол жеткізді. Топтың Ақтоғай және Бозшакөл байыту фабрикалары судың қайта айналымын барынша пайдалану және су тұтынудың тиімділігін арттыру үшін жобаланған.


4-МАҚСАТ – Сапалы білім беру

Топ өзінің әлеуметтік инвестициялар бағдарламасының аясында өз қызметін жүзеге асыратын өңірлерде кең ауқымды білім беру бағдарламаларына қолдау көрсетеді, соның ішінде болашағы зор студенттерге грант беру, оқыту сыныптарына жөндеу жұмыстарын жүргізу және шалғай аудандардан келіп оқитын студенттер үшін жаңа жатақхананың құрылысын қаржыландырды.

1-МАҚСАТ – Кедейлікті жою

KAZ Minerals Қазақстандағы, соның ішінде елдің ірі қалаларынан шалғай орналасқан өңірлерде ең ірі жұмыс беруші болып табылады. Топ өз қызметкерлеріне әділ жалақы төлейді, бұл ретте барлық қызметкерлердің еңбекақысы ең төменгі жалақыдан да, сондай-ақ Қазақстан үкіметі белгілейтін ең төменгі күнкөріс деңгейінен де жоғары. KAZ Minerals өзінің жеткізу тізбегінде, сондай-ақ жеткізушілерден Топтың жеткізушілермен жұмыс жүргізу регламентін және Әділ еңбек жағдайлары кодексін сақтауын талап етеді.

Топ келесі бес
МАҚСАТҚА
басымдық
береді:



ПРАКТИКАЛЫҚ МЫСАЛ

Семейде 1 200 оқушыға арналған жаңа мектеп салу жобасы

KAZ Minerals өз қызметін жүзеге асыратын өңірлерде білім беру мекемелеріне тұрақты түрде инвестиция салады. 2024 жылдың қыркүйек айында Семейде Топ салған жаңа мектеп ашылды.

Мектеп 1 200 оқушыға арналған және 48 сыныппен жабдықталған, олардың әрқайсысы түрлі бағыттар бойынша мамандандырылған оқытуға бейімделген. Оларға алты информатика кабинеті, алты мультимедиялық кабинет және химия, физика, биология пәндеріне арналған алты мамандандырылған кабинет кіреді. Мектепте робототехникаға арналған кабинет, графика және модельдеу кабинеті, аспаздық, пішу және тігуге арналған кабинеттер, сондай-ақ токарлық, слесарлық және қыш шеберханалары да бар.

Мектептің заманауи дизайны оқу сапасының жоғары стандарттарын ғана емес, практикалық дағдылардың маңыздылығын да айқындайды, оқушыларға дәстүрлі және техникалық бағыттарда дамуға мүмкіндік береді.

Мектептің инфрақұрылымы оқушылардың әл-ауқаты мен физикалық дамуына да бағытталған. Оған үлкен спорт залы, бастауыш сынып оқушыларына арналған шағын спорттық-ойын залы және даладағы спорттық құрылыстар кіреді. Сонымен қатар футбол, волейбол және баскетбол алаңдары, жүгіру жолдары да бар.

Мектеп тек білім алып қана қоймай, дене белсенділігімен айналыса алатын үйлесімді орта құру мақсатында жобаланған.

Мектептің басты ерекшелігі – оның қолжетімділігі. Мектепте толық инклюзивтілікті қамтамасыз ететін заманауи шешімдер енгізілді. Мектептің басты кіреберістері және негізгі бөлмелері мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолайлы болу үшін пандустармен қамтамасыз етілген.

Сонымен қатар мектеп аумағында және ғимарат ішінде көру қабілеті төмен оқушылардың бағдарлауын жеңілдететін тактильді жолақтар қарастырылған. Мектепте екі лифт орнатылып, оқушылардың қабаттар арасында еркін және ыңғайлы қозғалуына жағдай жасалды.

Жаңа мектептің салынуы өңірдің экономикасына оң әсерін тигізді. Жаңа мектептің іске қосылуы өңірде 100-ден астам жұмыс орнын ашуға мүмкіндік берді. Мектеп құрылысына қазақстандық мердігерлер қатысып, отандық өнімдер қолданылды. Бұл KAZ Minerals-тың жергілікті бизнесті қолдауға және өңірлік экономиканы дамытуға деген ұстанымын көрсетеді.



Жаңа мектептің салынуы өңірдің экономикасына оң әсерін тигізді. Жаңа мектептің іске қосылуы өңірде 100-ден астам жұмыс орнын ашуға мүмкіндік берді.

ПРАКТИКАЛЫҚ МЫСАЛ

Қазақ тілін үйренуге
қолдау көрсету

KAZ Minerals қазақ тілін еркін
меңгеруге бағытталған «Батыл
Бол» тіл клубына демеушілік
жасады.

Қазақстанда қазақ тілі де, орыс тілі де кең таралған, алайда қазақ тілі – мемлекеттік тіл, ал орыс тілі ресми мәртебеге ие.

Қазақстан 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан бері қазақ тілінің қоғамда қолданылуын ілгерілетуде айтарлықтай жетістіктерге жетті. Қазақстан үкіметі қазақ тілінің рөлін арттыруға бағытталған бірқатар мәдени, білім беру және саяси реформаларды жүзеге асырды, соның ішінде қазақ тілінің күнделікті қарым-қатынаста, бұқаралық ақпарат құралдарында және мемлекеттік мекемелерде қолданылу аясын кеңейту жөніндегі стратегиялық мақсаттарды қамтитын «Тіл саясатын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын» бекітті.

Қазақ мәдениетін қолдау мақсатында KAZ Minerals «Батыл бол» тіл клубына көмек көрсетті, оның мақсаты – адамдарды қазақ тілінде ауызекі сөйлеуге баулу.

Клуб адамдарға тілдік кедергілерді еңсеруге және қазақ тілінде қарым-қатынас жасаудағы сенімділікті арттыруға көмектеседі.

2022 жылғы сәуірде ашылғаннан бері «Батыл бол» сөйлеу клубы бүкіл Қазақстан бойынша тегін тіл курстарын ұсынып келеді. «Батыл бол» клубының танымалдығы тез өсіп, Астана, Алматы, Атырау, Қостанай, Орал, Ақтау сияқты қалаларда ашылды.



ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

Кісі өлімімен болған жазатайым оқиғалар

KAZ Minerals барлық қызметкерлер мен мердігерлер үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге ұмтылады, алайда өкінішке қарай, 2024 жылы Қазақстанның Шығыс өңірінде және Қырғызстандағы Бозымшақ кенішінде жеті адамның өмірін қиған төрт жазатайым оқиға орын алды.

KAZ Minerals кісі өлімімен аяқталатын барлық жазатайым оқиғалардың алдын алуға және сақтануға болады деп санайды. Әрбір адам өлімімен аяқталған жазатайым оқиғадан кейін өндіріс тоқтатылады. Жоғары басшылық қысқа уақыт ішінде объектіге келеді. Кісі өлімімен аяқталатын барлық жазатайым оқиғаларды мемлекеттік органдар тергеп-тексереді. Бұл процесс аяқталғаннан кейін Топ өз тарапынан мұқият тергеу жүргізіп, себептерін анықтайды және болашақта осындай оқиғалардың қайталануына жол бермеу үшін регламенттерге немесе басқа да қағидаларға өзгертулер енгізу қажеттілігін айқындайды.

Топ өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек қорғау және қоршаған ортаны қорғауды қамтитын «Goal Zero» бастамасын іске асыру жөнінде міндеттеме алды.

2022 жылы бұл бастаманың мағынасы кеңейтіліп «Living Goal Zero» деп аталды, бұл Топтың қызметкерлері мен мердігерлерінен қауіпсіз жұмыс істеу тәжірибесін өмір салты ретінде ұстануын талап етеді. Топ кәсіпорындарында кісі өлімімен болатын жазатайым оқиғалар саны мен жиілігінің азайғаны байқалады, 2023 жылға дейін Топ екі жыл қатарынан кісі өлімінсіз жұмыс істеді. Пайдалы қазбаларды ашық тәсілмен өндіру жерасты тәсілімен өндіруге қарағанда анағұрлым қауіпсіз, бұл ретте Топтың қауіпсіздік көрсеткіштері Ақтоғай мен Бозшакөлдегі ауқымды карьерлерде өндіріс ұлғайған сайын жақсарды, бұл Топтың өндіріс көлемінің көп бөлігін құрайды.

Адам өлімімен аяқталған жазатайым оқиғалардың саны (қызметкерлер мен мердігерлер)

2024	7
2023	1

Топ кәсіпорындарында кісі өлімімен болатын жазатайым оқиғалар саны мен жиілігінің азайғаны байқалады, 2023 жылға дейін Топ екі жыл қатарынан кісі өлімінсіз жұмыс істеді.

Жарақат

ISMM анықтамаларына сәйкес тіркелген жарақаттар – бұл уақытша еңбекке қабілеттілігінен айырылған, еңбекке қабілеттілігі шектеулі және алғашқы медициналық көмек көрсетуді қажет ететін барлық жарақаттар. Қауіпті факторлар, шамалы жарақаттар және ықтимал қауіпті оқиғалар туралы тергеу және есеп беру, қауіптілігі жоғары оқиғаларға назар аудара отырып, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы көрсеткіштерді жақсартудың маңызды құралы болып табылады.

2024 жылы KAZ Minerals компаниясы өз кәсіпорындарында TRI бойынша 46 жағдайды тіркеді, бұл жалпы алғанда 2023 жылғы деңгейге сәйкес келеді, ол кезде 45 жағдай тіркелген болатын. Бұл 42,6 млн сағаттан (2023 ж.) 42,5 млн сағатқа дейін жұмыс уақытының аздап қысқаруымен қатар, Топтың TRIFR көрсеткіші 2%-ға өсіп, 1,08-ге (2023 ж.: 1,06) дейін жетті.


2023 жылы ISMM мүше компаниялары үшін тіркелген жарақаттардың орташа жалпы жиілігі (TRIFR, тіркелген жарақаттардың жиынтық коэффициенті) 2,59 құрады (2022: 2,66).

Тау-кен өнеркәсібіндегі 1,08 деңгейіндегі TRIFR көрсеткіші төмен болып табылады және бұл Топтың барлық кәсіпорындарында қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырудағы басшылықтың жетістігін дәлелдейді.

Дегенмен, KAZ Minerals компаниясы жарақатсыз қауіпсіз өндірісті қамтамасыз етуге бағытталған күш-жігерін жалғастырып, қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаға қатысты жазатайым оқиғаларды толық жою мақсатына жетуге ұмтылады.

2018-2024 жылдар аралығында өзінің өндірістік қызметін ашық тәсілмен жүзеге асыратын Топ кәсіпорындарында жарақат алмай, еңбек ету қабілетінен айырылмай жұмыс істеген ең ұзақ уақыт Ақтоғайда 325 күнді, ал Бозшакөлде 631 күнді құрады. Сондай-ақ, көрсетілген кезең ішінде Шығыс өңірінің кәсіпорындарында жарақаттану деңгейі айтарлықтай төмендеді.

Тіркелетін жарақаттардың жалпы жиілігі (TRIFR)



KAZ Minerals компаниясы жарақатсыз қауіпсіз өндірісті қамтамасыз етуге бағытталған күш-жігерін жалғастырып, қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаға қатысты жазатайым оқиғаларды толық жою мақсатына жетуге ұмтылады.

ПРАКТИКАЛЫҚ МЫСАЛ

Қыс мезгілінде Ақтоғайда қауіпсіздікті арттыру шаралары

Қазақстандағы қыс мезгілі төмен температура, қарлы боран және қатты жел сияқты күрделі ауа райымен ерекшеленеді. Бұл қатал климат күнделікті өмірге де, өндірістік қызметке де айтарлықтай қиындықтар туғызады. Сондықтан қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін тиімді шаралар қабылдап, қызметкерлер мен техниканы алдын ала дайындау маңызды.

Ықтимал тәуекелдердің бірі – жол қозғалысы қауіпсіздігі, себебі қысқы жағдайлар жол-көлік оқиғаларының қаупін айтарлықтай арттырады. Ақтоғай ұжымы жол қауіпсіздігі мәселесін шешу мақсатында қауіпсіздік шараларын және қызметкерлерді тәжірибелік оқытуды қамтитын жан-жақты стратегияны іске асырды. Күнделікті өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі бюллетеньдері, бейнероликтер және ақпараттық баннерлер қызметкерлерге көктайғақта және қарлы боранда қауіпсіз жүру, көлік жүргізу және жұмыс істеу бойынша қажетті нұсқаулар береді. Сонымен қатар, қауіпсіздікті арттыру үшін шатырды жылытуға арналған кабельдер және қызметкерлердің аяқ киімдеріне тайғанауға қарсы жапсырмалар сияқты техникалық шаралар енгізілді.

Қауіпсіздікті арттыру және қысқы кезеңде жол-көлік оқиғаларын азайту мақсатында Ақтоғайдың еңбек қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік департаменті қыс мезгілінде көлік жүргізу машығын жетілдіруге арналған оқу алаңын жабдықтады. Бұл апаттардың алдын алуға және қыс мезгілінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған. Қысқы полигон қызметкерлерге қарлы боранда және көктайғақта көлік жүргізу машығын тәжірибеде жетілдіруге мүмкіндік береді. Арнайы полигон қысқы жағдайда көлік жүргізудің нақты сценарийлерін, соның ішінде тайғақ жол мен қарлы үйінділерді ұқсатады. Бұл қызметкерлердің қауіпсіз ортада машықтанып, көлік жүргізу шеберлігін арттыруға мүмкіндік береді.

Арнайы полигонда көктайғақты ұқсату мақсатында белгілі учаскелерге су төгіліп, тайғақ жол жасалады.

Бұл жүргізушілерге толық жетекті қосқанда және ажыратқанда көліктің қалай әрекет ететінін сезінуге, мұзды жолда дұрыс бұрылуға, сондай-ақ басқашпен және қозғалтқышпен тежеу кезіндегі айырмашылықты түсінуге мүмкіндік береді.

Қарлы кедергілерден шығу машығын үйрену үшін полигонда борпылдақ қармен жабылған учаскелер жасалды. Қызметкерлер борпылдақ қардан өту үшін төменгі берілісті қолдануды іс жүзінде меңгереді. Бұл қыс мезгілінде көлікті қауіпсіз жүргізу үшін маңызды дағдыларды қалыптастырады. Бұл курс негізінен жеңіл көлік жүргізушілеріне және қыстағы жол қиындықтарына үйренбеген қызметкерлерге арналған.

Практикалық полигон жобасын іске асыру қауіпсіздікке айтарлықтай әсер етті: 2024 жылы Ақтоғайда қысқы кезеңде жол-көлік оқиғаларының саны өткен жылмен салыстырғанда 44%-ға азайды.

Топ қызметкерлерді тәжірибелік оқытумен қамтып, қауіпсіздік шараларын жетілдіре отырып, қыс мезгілінде барынша қауіпсіз жұмыс жағдайын қамтамасыз етеді. Бұл бастама аясында қызметкерлер игерілген білім мен дағдыларды жұмыс барысында да, жеке өмірде де қолдана алады. Бұл қауіпсіздік пен еңбекті қорғаудың өмірдің барлық саласында маңызды екенін айқындайды.



Практикалық полигон жобасын іске асыру қауіпсіздікке айтарлықтай әсер етті: 2024 жылы Ақтоғайда қысқы кезеңде жол-көлік оқиғаларының саны өткен жылмен салыстырғанда 44%-ға азайды.

Кәсіби аурулар

2024 жылы кәсіби аурулардың 88 жаңа оқиғасы тіркелді (2023: 73). 2024 жылғы жаңа кәсіби аурулардың басым бөлігі радикулопатия және діріл-тербелістік аурумен байланысты екені анықталды.

Кәсіби сырқаттар, әдетте, эргономиканың қолайсыз болуы, діріл, шаң немесе шу сияқты қауіпті факторлардың ұзақ уақыт бойы әсер ету салдарынан дамиды. Топта бұл мүмкіндігінше, мысалы, қызметкерлердің денсаулығына зиянды өндірістік факторлардың әсеріне көп ұшырататын міндеттерді орындайтын уақытын шектеу арқылы қауіпті факторларды жою немесе төмендету бойынша шаралар қолданылады. Кәсіби сырқаттардың дамуының басталуын уақытылы анықтауды қамтамасыз ету үшін жыл сайынғы медициналық тексерулер жүргізіледі.

2024 жылы Топ жерасты кеніштерінде кәсіби аурулардың негізгі себептерін азайтуға бағытталған шараларды жүзеге асыруды жалғастырды, оған жеке қорғану құралдарын жүйелі түрде жаңарту және қауіптілігі жоғары жұмыс учаскелерінде автоматтандыру деңгейін арттыру кіреді.

2024 жылы кәсіби аурулардың барлық жағдайлары тіркелген Шығыс өңірінің объектілерінде көрсетілетін медициналық қызметтердің көлемі кеңейтілді. Бұл өндірістік гигиенаны алдын алу шараларына көбірек көңіл бөлуге бағытталған, және Топ мұны денсаулық көрсеткіштерін жақсартуға ықпал етеді деп есептейді.

2024 жылы Топтың өндірістік кәсіпорындарында – Ақтоғайда, Бозшакөлде және Бозымшақта кәсіби аурудың бірде-бір жағдайы тіркелген жоқ.

Тіркелген жағдайлардың жалпы жиілігі



Есепке алынатын жағдайлардың жалпы саны



2024 жылы Топтың жерасты кеніштерінде кәсіби аурулардың кең тараған себептерін жоюға бағытталған іс-шараларды одан әрі әзірлеу жүргізілді.

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕР ЕТУІ


Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі саясат

KAZ Minerals Тобы өз өндірістік қызметінің қоршаған ортаға әсерін азайтуға және қызметкерлерінің, мердігерлерінің және жеткізушілерінің қоршаған ортаны қорғауға саналы көзқарасын арттыруға ұмтылады.

Топта қоршаған ортаны қорғау жөніндегі саясат қолданылады, ол экологияны қорғауға жауапты көзқарасты, шығарындылар мен қалдықтарды азайтуды, сондай-ақ энергия және су ресурстарын тиімді пайдалануды айқындайды.

Топ жаңа тау-кен жобаларын әзірлеу алдында кешенді экологиялық тексеру жүргізеді және тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін жыл сайын жариялай отырып, өз қызметінің қоршаған ортаға тигізетін әсерін тұрақты түрде қадағалап отырады.

Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және тұрақты даму комитеті (ЕҚӨҚЖТД комитеті) Топтың қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясатын, есептілігін, стандарттарын және нормативтік-құқықтық рәсімдердің сақталуын бақылау үшін жауап береді. Жоғары басшылық Топтың қоршаған ортаға қатысты жалпы көрсеткіштеріне жауап береді.



«KAZ Minerals компаниясы 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын бес жылдық мерзімде парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығын және су тұтынуды 5%-ға қысқарту бойынша мақсат қойған еді. Бүгінде мен Топтың осы мақсатқа қол жеткізіп қана қоймай, одан да асып түскенін қуана айтамын».

Олег Новачук, Байқау кеңесінің Төрағасы

Энергия тұтыну

2024 жылы KAZ Minerals Тобы қайта өңделген сульфидті кеннің килотоннасына тұтынылатын энергияның тарихи төмен деңгейін, яғни 0,19 ТДж болатын тиімділікті сақтап қалды.

2014 жылғы қайта ұйымдастырудан кейінгі Топтың толыққанды операциялық қызметінің алғашқы жылынан бастап басшылық компанияның өндірісін ұзақ мерзімді жетілдіруге назар аударып, KAZ Minerals компаниясының мыс өндіру тиімділігін барынша арттыруға күш салды. Қазіргі уақытта Топтың операциялық портфелінде Ақтоғай және Бозшакөл сияқты ашық үлгідегі ірі кеніштері басым, олар қарқынды тиімділіктен барынша экономикалық пайда көріп отыр. Байыту фабрикаларында тиімділікті одан әрі арттыруға ықпал ететін заманауи ұсақтау және флотация технологиялары қолданылады.

2024 жылы Ақтоғай мен Бозшакөлдегі Топтың төрт байыту фабрикасы жобалық қуаттан жоғары жұмыс істеді, бұл өңделген сульфидті кеннің тоннасына энергия тұтынудың тарихи төмен деңгейін 2023 жылғы көрсеткіште сақтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Ақтоғай және Бозшакөл кен орындары аршу коэффициентінің төмендігімен ерекшеленеді, өндірілген кеннің әрбір тоннасы бос жыныстың ең аз мөлшерін құрайды, бұл тау-кен өндірісінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Энергия тұтыну (өңделген сульфидті кеннің ТДж/мың тоннасына)

2024	0,19	
2023	0,19	
2022	0,19	
2021	0,19	
2020	0,20	
2019	0,20	
2018	0,22	
2017	0,24	
2016	0,46	
2015	0,86	




Ақтоғай мен Бозшакөлдегі байыту фабрикалары жобалық қуаттан жоғары жұмыс істеп, Топқа өңделген сульфидті кеннің тоннасына тұтынылатын энергияның тарихи төмен деңгейін 2023 жылғы көрсеткіште сақтауға мүмкіндік берді.

Түрлері бойынша бөлінген энергия тұтыну

2024 жылы KAZ Minerals компаниясының барлық көздерден энергия тұтынуы 17,94 ПДж болды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 5%-ға көп (2023 ж.: 17,08 ПДж). Энергия тұтынудың жалпы өсімі негізінен электр энергиясын тұтынудың 4%-ға артуымен байланысты болды, бұл өз кезегінде Топтың байыту фабрикаларында кен өңдеу көлемінің осы жылы 6%-ға өсуіне сәйкес келді. Сонымен қатар, 2024 жылы дизель отынын тұтыну көлемі 2023 жылмен салыстырғанда 10%-ға артты, бұл Ақтоғай мен Бозшакөл кен орындарындағы тау-кен жұмыстары көлемінің өсуімен байланысты.

Ақтоғай және Бозшакөл карьерлерінің тереңдеуі мен кеңеюіне байланысты Топ алдағы жылдары дизель отынын тұтынудың артатынын болжап отыр. Топ жақсарту бастамаларын үнемі енгізу арқылы отын шығынын барынша азайтуға тырысады.

Топтың энергия тұтыну қарқындылығы 1 мың тонна өңделген сульфидті кенге 0,19 ТДж деңгейінде сақталды, өйткені энергия тұтынудың артуы 2024 жылы Топтың байыту фабрикаларының жоғары өнімділігімен өтелді.



Энергия тұтыну	2024	2023
Электр энергиясы	13,06	12,54
Дизельдік отын	3,61	3,28
Жылу энергиясы	1,14	1,12
Басқасы	0,13	0,14
БАРЛЫҒЫ	17,94	17,08
Энергияны тұтыну қарқындылығы (қайта өңделген сульфидті кеннің килотоннасына ТДж)	0,19	0,19

Активтер бойынша бөлінген энергия тұтыну (ПДж)	2024	2023
Ақтоғай	9,03	8,46
Бозшакөл	5,54	5,30
Шығыс өңірі	3,03	2,97
Бозымшақ	0,34	0,35
БАРЛЫҒЫ	17,94	17,08
Энергияны тұтыну қарқындылығы (қайта өңделген сульфидті кеннің килотоннасына ТДж)	0,19	0,19

Ақтоғай және Бозшакөл карьерлерінің тереңдеуі мен кеңеюіне байланысты Топ алдағы жылдары дизель отынын тұтынудың артатынын болжап отыр.

Электр энергиясын тұтыну

2024 жылы Топ бойынша электр энергиясын тұтыну 4%-ға өсіп, 13,06 ПДж-ды құрады (2023 ж.: 12,54 ПДж), бұл ең алдымен кенді өңдеу көлемінің 6%-ға артуымен байланысты болды. Ақтоғай мен Бозшакөлде бір жыл ішінде электр энергиясын тұтыну 4%-ға артты, себебі бұл алаңдарда кен өңдеу көлемі тиісінше 7% және 6%-ға өсті. 2024 жылы Бозымшақтағы электр энергиясын тұтыну артты, себебі жерасты кеніш толық жыл бойы жұмыс істеді, ал бұл, әдетте, ашық әдіспен өндіруге қарағанда көбірек электр энергиясын қажет етеді.

2024 жылы Топтың дизель отынынан алынған энергия тұтынуы 3,61 ПДж болды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 10%-ға көп (2023 ж.: 3,28 ПДж). Ақтоғайда дизель отынын тұтыну 20%-ға артты, себебі кеніште жылжыған жыныс көлемі 26%-ға ұлғайды, ал Бозшакөлде жыныс көлемінің 20%-ға өсуі дизель отынын тұтынудың 7%-ға артуына себеп болды. Дизель отынын тұтыну қарқындылығының жалпы көрсеткіші, яғни мың тонна өндірілген кенге шаққандағы ТДж түріндегі энергия көлемі 2023 жылғы деңгейде қалды.

Электр энергиясын тұтыну (ПДж)	2024	2023
Ақтоғай	7,32	7,02
Бозшакөл	3,99	3,85
Шығыс өңірі	1,54	1,49
Бозымшақ	0,21	0,18
БАРЛЫҒЫ	13,06	12,54
Энергияны тұтыну қарқындылығы (қайта өңделген сульфидті кеннің килотоннасына ТДж)	0,14	0,14

Дизель отынын тұтыну (ПДж)	2024	2023
Ақтоғай	1,71	1,43
Бозшакөл	1,55	1,45
Шығыс өңірі	0,25	0,26
Бозымшақ	0,10	0,14
БАРЛЫҒЫ	3,61	3,28
Энергияны тұтыну қарқындылығы (қайта өңделген сульфидті кеннің килотоннасына ТДж)	0,029	0,029



Ақтоғай мен Бозшакөлде бір жыл ішінде электр энергиясын тұтыну 4%-ға артты, себебі бұл алаңдарда кен өңдеу көлемі тиісінше 7% және 6%-ға өсті.

ПРАКТИКАЛЫҚ МЫСАЛ

Ақтоғайдағы Жер күні

Жер күні жыл сайын 22 сәуірде атап өтіледі және ол қоршаған ортаны қорғауға арналған әлемдік үндеу болып табылады.

1970 жылдан бері Жер күні әлемдік деңгейдегі қозғалысқа айналып, бүгінде 193 елде миллиардтан астам адамды біріктіреді. Олар ағаш отырғызу, экологиялық тазалық шаралары, білім беру жобалары және тұрақты даму тәжірибелерін насихаттау сияқты бастамаларға қатысады.

2024 жылы Жер күні өзінің 54 жылдығын атап өтті. Осы кезеңдегі іс-шаралар климаттың өзгеруімен күреске және тұрақты болашақты қамтамасыз ету үшін жаһандық ынтымақтастықтың маңыздылығына бағытталды.

Ақтоғай ұжымы бұл бастаманы қолдап, экологиялық жауапкершілікке және қоғаммен өзара әрекеттесуге дайын екендігін дәлелдеді. Олар тұрақты даму ортақ мақсат пен бірлікті арттыратынын, қызметкерлер арасындағы командалық жұмысты нығайтатынын түсінеді.

2024 жылғы Жер күні қарсаңында Ақтоғай экологтары «Жерді бірге қорғайық» атты бастаманы қолға алып, қызметкерлерді ағаш отырғызу шарасына жұмылдырды.

Бұл іс-шара Топтың тұрақты даму принциптерін ұстанатынын және бірлескен жұмыстың нәтижелі екенін дәлелдеді.

Науқанға ынтамен қатысқан қызметкерлер 500 ағаш отырғызды, оның ішінде 420 шегіршін мен 80 терек бар. Іс-шара ұжымды біріктіруге, әріптестер арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға және ынтымақтастықты арттыруға ықпал етті. Ақтоғай ұжымы қызметкерлерді тұрақты даму бастамаларына белсенді тарта отырып, тек Жер шарына оң әсер етіп қана қоймай, экологиялық сананы, ынтымақтастықты және табысты қатар қоятын жұмыс ортасын қалыптастырады.



Науқанға ынтамен қатысқан қызметкерлер 500 ағаш отырғызды, оның ішінде 420 шегіршін мен 80 терек бар. Іс-шара ұжымды біріктіруге, әріптестер арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға және ынтымақтастықты арттыруға ықпал етті.

ПГ шығарындылары

2024 жылы парниктік газдардың абсолюттік шығарындылары 4%-ға өсіп, 2 949 мың тоннаға жетті (2023 ж.: 2 840 мың тонна).

Топтың 1 және 2-қамту аймақтары бойынша шығарындылары өткен жылмен салыстырғанда 4%-ға артты, себебі кен орындарында жыныс пен кенді өңдеу көлемінің ұлғаюы жыл бойы дизель отыны мен электр энергиясын тұтынудың өсуіне алып келді. ПГ шығарындылары парниктік газдар хаттамасына сәйкес шығарындылар коэффициенттерін қолдана отырып есептеледі.

2024 жылы қайта өңделген сульфидті кен бірлігіне шаққандағы CO₂ эквивалентіндегі («CO₂-е») шығарындылар өзгеріссіз қалды және 0,031 тоннаны құрады (2023: 0,031 тонна), өйткені биылғы жылы кен өндіру көлемінің 6%-ға артуы абсолютті шығарындылардың өсуін өтеді.

Топтың өндірілген мыс бірлігіне шаққандағы CO₂ эквивалентіндегі шығарындылар 7,8 тоннаға жетті (2023 ж.: 7,0 тонна). Бұл кен өңдеу көлемінің ұлғаюына қарамастан өңделген кендегі металдың орташа құрамының төмендеуінен туындады, нәтижесінде мыс өндірісі азайды.

1-қамту аймағының шығарындылары көбінесе Ақтоғай және Бозшакөл кеніштеріндегі тау-кен жұмыстары мен Шығыс өңірдегі жылу энергиясын тұтынудан қалыптасады. Тау-кен техникасы паркінің отын тұтынуының артуы 2024 жылы 1-қамту аймағы шығарындыларының көбеюінің негізгі факторы болды. 2-қамту аймағының шығарындылары Топтың электр энергиясын үшінші тарап жеткізушілерінен сатып алуынан туындайды.

Carbon Disclosure Project деректеріне сәйкес 2024 жылы Топтың сатудан түскен табысқа қатысты CO₂ эквивалентіндегі шығарындылардың қарқындылығы (\$1 млн табысқа CO₂-е тоннасымен) 8%-ға жоғары болды және 712 тоннаны құрады (2023: 659 тонна).

Жалпы шығарындылар көлемінің 4%-ға артуы, яғни Топ бойынша кен өңдеу көлемінің өсуінен туындаған өсім, мыс өндірісінің төмендеуіне байланысты өткізуден түскен кірістің 4%-ға қысқаруымен толықтай дерлік өтелді. 2023 жылы өткізуден түскен кіріс дайын өнім қорларын 2022 жылдан кейінгі кезеңге өткізу есебінен ұлғайған болатын.

Парниктік газ шығарындыларының қарқындылығын төмендету

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі саясатына сәйкес Топ өз кәсіпорындарында парниктік газ шығарындыларының қарқындылығын барынша азайтуға ұмтылады.

Топтың ЕҚӨҚЖТД комитеті Топтың өндірістік қызметі барысында ПГ шығарындыларының қарқындылығын бақылау үшін жауап береді. Кәсіпорындардың бас директорлары өндірістік алаңдарда өндірістің тиімділігін арттыру бойынша энергия тұтынуды барынша азайтуға бағытталған бастамаларды жүзеге асыру үшін жауап береді.

Соңғы жылдары парниктік газ шығарындыларының қарқындылығын төмендету заманауи тау-кен технологияларын қолдана отырып ашық әдіспен өндіруге көшу есебінен жүзеге асты.

Ұзақ мерзімді перспективада Топ өз өндірістік алаңдарына жақын жерде жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын электр станцияларын салу мүмкіндігін қарастыруда. Бұл көміртексіз энергия көздерін қолдануға және 2-қамту аймағы бойынша парниктік газ шығарындыларын азайтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, 2024 жылы KAZ Minerals Қазақстандағы қолданыстағы және салынуы жоспарланған шағын гидроэлектр станциялары кешеніне инвестиция салуды жалғастырды. Топ активтерінің басым бөлігі орналасқан Қазақстан Үкіметі жаңартылатын энергия көздерінің үлесін энергетикалық жүйеде арттыру жөнінде міндеттеме қабылдады және 2060 жылға қарай көміртектік бейтараптыққа қол жеткізуді жоспарлап отыр. Бұл жобаның аясында жаңартылатын энергия көздері елдің энергия теңгеріміндегі үлесін ұлғайтып, 2024 жылы 7%-дан 2030 жылы 15%-ға және 2050 жылға қарай 50%-ға дейін өседі.

Түрлері бойынша бөле отырып ПГ шығарындылары (CO₂-е мың тоннасы)

	2024	2023
1-қамту аймағы	641	619
2-қамту аймағы	2 308	2 221
БАРЛЫҒЫ	2 949	2 840
Мыс өндіру көлемі (мың тонна)	380	403
Өндірілген мыс бірлігіне шаққандағы CO ₂ -е	7,8	7,0
Өңделген сульфидті кен (мың тонна)	96 538	90 860
Өңделген сульфидті кен бірлігіне шаққандағы CO ₂ -е	0,031	0,031

Шығарындылардың қарқындылығы CO₂

	2024	2023
Сатудан түскен кіріс (\$ млн)	4 139	4 308
Барлығы CO ₂ -е шығарындылары (1-қамту аймағы және 2-қамту аймағы, мың тонна)	2 949	2 840
CO ₂ -е шығарындылары (сатудан түскен кірістің \$ млн-ға шаққандағы тоннасы)	712	659

Климатқа қатысты қаржылық ақпаратты жариялау

KAZ Minerals 2019 жылдан бері климатқа қатысты қаржылық ақпаратты ерікті түрде жариялап келеді және Халықаралық тұрақты даму стандарттары кеңесі жариялаған ХҚЕС S1 және S2 стандарттарынан кейін мұндай ақпаратты ашу процестерін жетілдіруді жалғастыруда.

Ақпаратты жариялау Топ тарапынан ерікті түрде жүзеге асырылады және әзірге бұл есептілік стандарттарының барлық талаптарына толық сәйкес келмейді.

ХҚЕС S2 «Климатқа қатысты ақпаратты жариялау» климатқа қатысты қаржылық ақпаратты жариялау жөніндегі жұмыс тобының ұсынымдарына негізделгендіктен, Топ кейбір толықтырулармен алдыңғы жылдардағы форматты сақтай отырып, ақпаратты жариялауды жалғастырды.



Корпоративтік басқару

ҰСЫНЫМДАР	ЖАРИЯЛАУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР	СИПАТТАМАСЫ
Климатқа байланысты тәуекелдерді және мүмкіндіктерді ұйымдастыруды басқару туралы ақпаратты жариялау.	Директорлар кеңесі тарапынан климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерге қадағалау жүргізу тәртібін сипаттаңыз. Климатқа байланысты тәуекелдерді және мүмкіндіктерді бағалауда және басқаруда басшылықтың рөлін сипаттаңыз.	– Климаттың өзгеруін қоса алғанда Топтың негізгі және жаңа тәуекелдерін бір жыл ішінде және жылына кемінде бір рет қарастырады және бағалайды. – Топтың тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін қарастырады. – Тұрақты даму бойынша негізгі мәселелерге қатысты жаңартылған ақпаратты тұрақты түрде алып отырады және қажет болған жағдайда оның мүшелері тұрақты даму саласындағы сыртқы мамандар өткізетін оқудан өтеді. – Топтың климатқа қатысты мақсатты көрсеткіштеріне жету барысын қадағалайды, және басшылықтан Топтың мақсатты көрсеткіштеріне қол жеткізу барысы мен болжамды нәтижелер, соның ішінде кеніштердің пайдалану мерзіміне қатысты стратегиялық жоспарлардың жыл сайынғы жаңартылуы туралы жаңартылған ақпарат алып отырады. – Маңызды стратегиялық жобаларды және инвестицияларды бағалау мен іске асыру кезінде климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді ескереді. – Басшылық Топтың климатқа байланысты параметрлері бойынша көрсеткіштерін қадағалайды. Басшылық Топтың климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерді басқару және онымен байланысты мүмкіндіктерді оңтайландыру стратегиясын жүзеге асыру үшін жауап береді. Әрбір Бас директор өз кәсіпорын деңгейінде климатқа қатысты тәуекелдерді қоса алғанда, экологиялық тәуекелдерді басқаруға және Топтың климаттық мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін тиімділік шараларын іске асыруға жауап береді.

Стратегия

ҰСЫНЫМДАР	ЖАРИЯЛАУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР	СИПАТТАМАСЫ
Егер мұндай ақпарат маңызды болса, климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктердің ұйымның бизнесіне, стратегиясына және қаржылық жоспарлауына нақты және ықтимал әсерін ашу	Ұйымыңызда климатқа байланысты қысқа, орта және ұзақ мерзімді перспективада анықталған тәуекелдер мен мүмкіндіктерді сипаттаңыз	– Топтың негізгі активтері – Ақтоғай мен Бозшакөлдің ұзақ мерзімді пайдалануын ескере отырып, KAZ Minerals компаниясы тәуекелдер мен мүмкіндіктерді қысқа мерзімді (0–5 жыл), орта мерзімді (5–10 жыл) және ұзақ мерзімді (10 жылдан астам) перспективада бағалайды. – Климаттың өзгеруі Топ тарапынан ықтимал ұзақ мерзімді тәуекел ретінде анықталған. Қысқа мерзімді перспективадағы ықтимал әсерлер Топтың негізгі тәуекелдерінде сипатталған: «Экология», «Жұмыстағы іркілістер» және «Валюта бағамдары мен инфляция», олар жылдық есепте ашып көрсетілген. – Топ анықтаған климатқа қатысты тәуекелдерге ауыспалы тәуекелдер жатады, оған ережелердің өзгеруі және тау-кен секторына деген қоғамдық көзқарас, сондай-ақ физикалық тәуекелдер, яғни ауа райы жағдайларының өзгеруі мен экстремалды температура жатады.
	Ұйымыңыздағы климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктердің бизнеске, стратегияға және қаржылық жоспарлауға әсерін сипаттаңыз.	– Сонымен қатар климатқа байланысты мүмкіндіктер, ең алдымен, төмен көміртекті экономикаға көшкен кезде негізгі рөлді атқаратынын ескере отырып, мысқа деген сұраныстың артуы ықтимал екені анықталды. – Бұл мүмкіндік Топтың қолданыстағы активтерді оңтайландыруға және нарыққа мыс жеткізуді барынша тиімді етуге бағытталған стратегиясының негізін құрайды. Негізінен Қазақстанда жұмыс істейтін төмен шығынды өндіруші ретінде Топ қазіргі уақытта өз стратегиясын климаттық тәуекелдерге төзімді деп санайды. Алдағы жылдары Топ климатқа байланысты әртүрлі сценарийлерді қарастыру процесін жалғастырады. – Электр энергиясын тұтыну Топ үшін ПГ шығарындыларының ең маңызды көзі болып табылады. 2024 жылы Топ алдағы жылдары Қазақстанның энергетикалық жүйесінде төмен көміртекті электр энергетикасының үлесін арттыру мақсатында әртүрлі гидроэлектр станцияларына инвестиция салуды жалғастырды.
	Әртүрлі климаттық сценарийлерді ескере отырып, ұйымыңыздың стратегиялық тұрақтылығын сипаттаңыз	– Климатқа байланысты тәуекелдер ірі жаңа жобаларды іске асырудың орындылығы туралы жалпы инвестициялық шешімнің бөлігі ретінде бағаланады. Сондай-ақ, Топ инвестициялық шешімдер қабылдау үшін тоннасына 100 доллар болатын теориялық көміртегі бағасын қолдана бастады және бұл процесті жалғастыра береді.

Тәуекелдерді басқару

ҰСЫНЫМДАР	ЖАРИЯЛАУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР	СИПАТТАМАСЫ
Ұйымның климатқа байланысты тәуекелдерді қалай анықтайтыны, бағалайтыны және басқаратыны туралы ақпаратты жариялау	Климаттық тәуекелдерді анықтау және бағалау үшін ұйымның процестерін сипаттаңыз	– Климатқа қатысты тәуекелдер Топтың жылдық есебінде сипатталған кеңейтілген тәуекелдерді басқару жүйесі аясында анықталады, бағаланады және басқарылады.
	Климаттық тәуекелдерді басқару бойынша ұйымыңыздың процестерін сипаттаңыз	– Тәуекелдер, соның ішінде климаттық тәуекелдер әрбір тиісті тәуекелдің ықтимал ауырлығы мен ықтималдығын бағалау арқылы жіктеледі. Бөлімше деңгейіндегі тәуекелдер тізіліміне енгізілген тәуекелдер кейіннен Топтың тәуекелдер тізіліміне енгізу үшін бағаланады.
	Климатқа қатысты тәуекелдерді анықтау, бағалау және басқару процестері ұйымның жалпы тәуекелдерді басқару жүйесіне қалай біріктірілгенін сипаттаңыз	– Топтың тәуекелдерді басқару жүйесін зерттеңіз және экологиялық мәселелерді қоса алғанда, негізгі тәуекелдер бойынша тұрақты есептілікті алып отырыңыз. Әр кәсіпорынның бас директорлары тұрақты даму бойынша тәуекелдерді қоса алғанда, Топтың кеніштеріндегі тәуекелдерді анықтауға және басқару үшін жауап береді.

Бағалау және жоспарлы көрсеткіштер

ҰСЫНЫМДАР	ЖАРИЯЛАУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР	СИПАТТАМАСЫ
Мұндай ақпарат маңызды болған жағдайларда климатқа байланысты тиісті тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау және басқару үшін қолданылатын параметрлер мен мақсаттарды жариялау	Ұйымның тәуекелдерді басқару стратегиясы мен процесіне сәйкес климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау үшін ұйымыңыз пайдаланатын бағалау көрсеткіштері туралы ақпаратты ұсыныңыз 1-қамту аймағынан, 2-қамту аймағынан және қажет болған жағдайда 3-қамту аймағынан парниктік газдар шығарындылары, сондай-ақ байланысты тәуекелдер туралы ақпаратты ұсыныңыз Климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді басқару үшін ұйымыңыз пайдаланатын жоспарлы көрсеткіштерді және осы жоспарлы көрсеткіштердің нақты орындалу дәрежесін сипаттаңыз	–2019 жылы KAZ Minerals компаниясы қолданыстағы активтерді оңтайландыруға және нарыққа мыс жеткізуді барынша тиімді етуге бағытталған Топ стратегиясына сәйкес парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығын және су тұтынуды төмендету жөнінде мақсаттар қойды. Топ жақын перспективада қызмет тиімділігін арттыру үшін ұзақ мерзімді емес, қысқа мерзімді мақсатты таңдады. – Бұл мақсаттар 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған бес жылдық кезең ішінде орындалуы тиіс еді, және KAZ Minerals Тобы өз мақсаттарына қол жеткізгенін және оларды асыра орындағанын қуана хабарлайды. – Енді KAZ Minerals Тобы алдағы жылдары есеп беретін жаңа мақсаттарды белгілейтін болады. – Топтың климаттық мақсатты көрсеткіштеріне қол жеткізу қабілеті бюджеттерді және ұзақ мерзімге жоспарланған тау-кен жұмыстарын табысты орындауға байланысты, себебі бұл жоспарларда мақсаттарға жету үшін қажетті тиімділік шаралары қарастырылған. – 1 және 2 аймақтардағы парниктік газдар шығарындылары ағымдағы және өткен жылдар үшін 40-бетте берілген және Парниктік газдар шығарындылары жөніндегі хаттама әдістемесіне сәйкес есептелген. Негізгі сыртқы көздерден сенімді деректерді алу шектеулеріне байланысты Топ 3-қамту аймағының парниктік газдар шығарындыларын есептеуді әлі аяқтаған жоқ. Топ 3-қамту аймағы шығарындыларының сенімді мәндерін есептеу бойынша жұмысты жалғастыратын болады. – Топтың негізгі өнімдеріне, яғни мысқа деген сұраныстың артуы климатқа байланысты жаңа мүмкіндіктер ашады. Топтың парниктік газ шығарындыларының қарқындылығын төмендету бойынша мақсаты мыс өндіруді барынша тиімді етуге бағытталған кең ауқымды стратегияның бір бөлігі болып табылады.



Топтың парниктік газ шығарындыларының қарқындылығын төмендету бойынша мақсаты мыс өндіруді барынша тиімді етуге бағытталған кең ауқымды стратегияның бір бөлігі болып табылады

Климатқа байланысты тәуекелдер

KAZ Minerals анықтаған негізгі климаттық тәуекелдер төменде берілген. Бұл тәуекелдер Топтың жылдық есебінде сипатталған кеңейтілген тәуекелдерді басқару жүйесі аясында анықталады, бағаланады және басқарылады.

Физикалық тәуекелдер

ТӘУЕКЕЛДЕР	СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ЫҚТИМАЛ ӘСЕРІ	ҚОЛДАНЫЛАТЫН ШАРАЛАР
Температураның шектен тыс жоғарылауы	Климаттың өзгеруі Қазақстан мен Қырғызстанда жаз айларында жоғары температураның неғұрлым экстремалды көрсеткіштерінде немесе қыс мезгілінде өте төмен температурада болады. Ықтимал әсердің белгілері: – Қызметкерлер мен мердігерлердің қауіпсіздігі мен денсаулығына қатысты тәуекелдер – Төтенше жоғары және төмен температуралардың әсерін азайту үшін операциялық шығындарды арттыру – Жабдықтың ықтимал істен шығулары мен тұралап қалуы	– Өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды басқару рәсімдері жоғары және төмен температура салдарынан туындайтын тәуекелдерді жоюға бағытталған. – Жабдық экстремалды температурада жұмыс істеуге арналып сатып алынады. Тау-кен техникасы паркі қыс айларында арктикалық жағдайда жұмыс істеуге бейімделген.
Жауын-шашын режимінің өзгеруі	Климаттың өзгеруі Топ өз қызметін жүзеге асыратын аймақтарда жауын-шашынның азаюына немесе көбеюіне әкелуі мүмкін. Жауын-шашынның төмендеуі Топтың оны өндіріс кәсіпорындарына қажетті суға қол жеткізуіне әсер етуі мүмкін. Жауын-шашынның, атап айтқанда нөсер жауын-шашынның көбеюі карьер жиектерінің тұрақтылығына, шахталарға су ағындарының ағып түсуіне, топырақтың шөгу немесе қалдыққойманың толып кету немесе шайылып кетуге ұшырау қаупін арттыруға әсер етуі мүмкін.	– Бұған дейін Топ суды қайта пайдалану және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану көрсеткіштерін арттыру үшін су ресурстарын пайдалану тиімділігінің мақсатты көрсеткіштерін белгілеп, оған қол жеткізді. – Сумен жабдықтаудың бұзылу қаупін басқару үшін Топ өз қызметін тұщы судың қоры жеткілікті жерлерде ғана жүргізуге тырысады. – Карьерлерде, жерасты шахталарында және қалдыққоймаларда жауын-шашынның жоғары деңгейімен байланысты тәуекелді басқару үшін Топ су ағыны мен жиектердің қозғалысын бақылау технологиясын қолданады. – Қалдыққоймалар жыл сайынғы тәуелсіз тексеруден және тұрақтылықты сертификаттаудан өтіп тұрады.
Қатты жел жылдамдығының артуы	Қатты дауылдар немесе күшті жел Топтың өндірістік нысандарына зақым келтіріп, қажет болған жағдайда өндірісті тоқтату салдарынан қысқа мерзімде мыс өндіру көлемінің азаюына әкеп соғуы мүмкін	– Топ өз қызметін жел жылдамдығы жоғары аймақтарда жүргізетіндіктен, оның өндірістік объектілері дауыл желдерге төзімді болатындай етіп жобаланған.

Өтпелі тәуекелдер

ТӘУЕКЕЛДЕР	СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ЫҚТИМАЛ ӘСЕРІ	ҚОЛДАНЫЛАТЫН ШАРАЛАР
Шығарындылар деңгейі едәуір төмен технологияларға көшу	Қазақстанның көмірқышқыл газ шығарындыларының нөлдік деңгейіне жету бойынша жоспарлары жергілікті энергетика жүйесіндегі жаңартылатын энергия көздері үлесінің артуына жетелейтін болады, бұл операциялық шығындардың өсуіне әкеп соғуы мүмкін. Бұдан басқа, Топ тау-кен техникасы паркінің ПГ шығарындыларын қысқарту үшін күрделі салымдарға жұмсалатын едәуір жоғары шығындарды шегуі мүмкін.	– Топ парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығы бойынша мақсатты көрсеткіш белгіледі, бұл энергия тиімділігін арттыруға және өңделген кеннің тоннасына электр энергиясын тұтынуды барынша азайтуға ынталандырады. – 2024 жылы KAZ Minerals Тобы Қазақстандағы гидроэлектрстанцияларға инвестиция жасады, бұл Топқа төмен көміртекті энергетикалық сектордың дамуына қатысуға мүмкіндік береді.
ПГ шығарындыларына баға белгілеу	Қазақстанда шығарындыларға арналған квоталар саудасы сұлбасының кеңеюі немесе парниктік газдар шығарындыларына бағаның өсуі Топтың операциялық шығындарының артуына әкеп соғуы мүмкін.	– Жаңа капиталдық салымдарды бағалау кезінде Топ көміртектің құнын анықтаудың ішкі жүйесін қолдана бастады, бұл төмен көміртек шығарындылары бар технологияларды пайдалануды ынталандырады.
Мүдделі тараптардың секторға қатысты теріс көзқарастарының артуы	Тау-кен өндіру секторының стигматизациясы капитал нарығына шығу мүмкіндігін азайтуы мүмкін. Саланың беделіне қатысты тәуекелдер қалдыққоймалардағы апаттар, ПГ шығарындыларының көптігі немесе суды шамадан тыс пайдалану сияқты экологиялық проблемалармен артуы ықтимал.	– KAZ Minerals компаниясында қоршаған ортаға әсер ету туралы есептілік процесі жақсы реттелген. – Топ өз стратегиясының төмен көміртекті экономикаға көшуге қалай ықпал ететінін түсіндіру үшін кредиторлармен және басқа мүдделі тараптармен тұрақты диалог жүргізеді.

Қалдықтар

Өзінің Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі белгіленген саясатына сүйене отырып, Топ минералдық қалдықтарды және басқа қалдықтарды жауапты басқару бойынша барлық шараларды қабылдайды. Топтың ЕҚӨЖТД комитеті қалдықтарды басқаруға мониторинг жүргізу үшін жауап береді. Топ кәсіпорындарының бас директорлары өндірістік алаңдарда қалдықтарды басқару үшін жауап береді.

2024 жылы Топ аршыма жыныстарды қазып алды, нәтижесінде көбінесе Ақтоғай және Бозшакөл карьерлерінде үйінді тау-кен жыныстары түзілді. Ақтоғай және Бозшакөл кеніштерінде аршу кезінде алынған бос жыныс үйінділерінің түзілуі мүдделі тараптар үшін осы кеніштердің алыс орналасуына, олардың төмен аршу коэффициентіне және жергілікті тұрғындардан алшақтығына байланысты айтарлықтай мәселе тудырмайды.

Ақтоғай және Бозшакөл кеніштерінде бос жынысты қазып алу көлемінің артуы осы кеніштердегі тау-кен жұмыстарының жоспарына сәйкес аршу жұмыстарының қажетті көлеміне байланысты болды. Одан басқа, былтыр жыныстың едәуір жоғары көлемі жолдардың немесе үймелердің құрылысында пайдалану үшін қайта бейінделді, сондықтан 2023 жылдың қалдық көлемінен алынып тасталды. Бозымшақ кенішінде бос жыныстардың көлемі айтарлықтай қысқарды, себебі бұл кеніш жерасты игеру кезеңіне көшті.

Тастанды қалдықтардың көлемі 2024 жылы 7%-ға, яғни 94,7 млн тоннаға дейін (2023: 88,9 млн тонна) кенді қайта өңдеу көлеміне сәйкесінше өсті, соңғылары 6%-ға артты, себебі Ақтоғай және Бозшакөлдегі байыту фабрикалары жобалық қуаттылықтан асып түсіп жұмыс істеді.

Қалдықтарды қауіпсіз және тиімді басқару Топтың бірінші кезектегі міндеті болып табылады.

Қалдыққоймалардың құрылымдық тұтастығын анықтау және қолдау үшін жақын жердегі жерасты суларын тұрақты тексеру мен талдауды қоса алғанда, қалдыққоймаларға мониторинг жүргізу мен қызмет көрсету бойынша жұмыс рәсімдері қолданылады. Топ тәуелсіз сыртқы сарапшылар жүргізетін инспекцияларды мерзімді түрде ұйымдастырады. Барлық қолданыстағы қалдыққоймалар 2024 жыл ішінде тексерілген. Қазіргі таңда KAZ Minerals өзінің қалдыққоймаларды басқару және ақпарат ашу жүйесін ISMM әзірлеген «Қалдыққоймаларды басқару жөніндегі жаһандық салалық стандартқа», инвестициялық қауымдастықтың «Жауапты инвестициялау принциптеріне» және «БҰҰ қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бағдарламасына» сәйкес келтіруде.

Топ қалдыққоймаларын лицензиялауға, қолдауға және оларға қызмет көрсетуге қатысты Қазақстан Үкіметі мен Қырғызстан Үкіметі белгілеген заңнама ережелерін сақтауы тиіс. Мемлекеттік органдар осы ережелердің талаптарын сақтауды қамтамасыз ету үшін Топтың қалдыққоймаларына үнемі тексеру жүргізеді.

Тиісті сыртқы кеңесшілердің қолдауымен Топта қалдыққоймаларды салу бойынша жұмыс бағдарламалары әрекет етеді, олар өндірістің болашақ жоспарларына сәйкестікте және кез келген туындайтын проблемаларды шешу мақсатында іске асырылады.

Активтер бойынша бөлінген бос жыныс (млн тонна)

	2024	2023
Ақтоғай	26,7	14,1
Бозшакөл	25,4	15,7
Шығыс өңірі	0,1	0,1
Бозымшақ	0,4	5,8
БАРЛЫҒЫ	52,6	35,7
Бос жыныстың түзілу қарқындылығы (мың тонна/өндірілген мыстың мың тоннасы)	138,5	88,4

Активтер бойынша бөлінген қалдықтар (млн тонна)

	2024	2023
Ақтоғай	57,4	53,4
Бозшакөл	34,2	32,4
Шығыс өңірі	2,1	1,9
Бозымшақ	1,0	1,2
БАРЛЫҒЫ	94,7	88,9
Қалдықтардың түзілу қарқындылығы (мың тонна/өндірілген мыстың мың тоннасы)	249	220

Су ресурстары

Топ өзінің Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі белгіленген саясатына сүйене отырып, су тұтынуды барынша азайту бойынша барлық ықтимал шараларды қабылдайды. Топтың ЕҚӨҚжТД комитеті су тұтыну көлеміне мониторинг жүргізу үшін жауап береді.

Топ кәсіпорындарының бас директорлары кәсіпорындар деңгейінде су тұтынуды барынша азайтуға бағытталған тиімділікті арттыру бойынша бастамаларды жүзеге асыру үшін жауап береді.

Жаңа тау-кен жобаларында сумен жабдықтау көздерін пайдалану мүмкіндіктері құрылыс жұмыстары басталар алдында мұқият талданады. Мұндай талдау алдын ала бағалаудың немесе жобаның техникалық-экономикалық негіздемесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Жобалау бөлімшесі жоғары басшылықпен бірлесіп кен орнын игерудің қандай да бір жаңа жобасын бекітпес бұрын мысты өндіру үшін тұщы су көздерінің болуын, сондай-ақ жергілікті халыққа немесе қоршаған ортаға қолайсыз сипаттағы кез келген ықтимал әсерді қарастырады.

KAZ Minerals Тобының барлық жұмыс істеп тұрған тау-кен өндіру және өңдеу кәсіпорындары жобалық қуатты қамтамасыз ету үшін жеткілікті көлемдегі тұщы су көздеріне жақын орналасқан. Топтың бірде-бір өндірістік алаңы үлкен су тапшылығынан зардап шегетін өңірлерде орналаспаған. Топ суды тиімді тұтынуға ұмтылады және осы ресурсты қайта пайдалануды қамтамасыз етуге тырысады. Қайта пайдалану үшін судың негізгі көздері қалдыққоймалар мен шахта және карьер суларының ағыны болып табылады. Ақтоғай және Бозшакөл сульфидті байыту фабрикалары суды тиімді пайдалануды ескере отырып салынған, онда булану кезінде ықтимал жоғалтуларды төмендетуге арналған процестер қолданылады.

2024 жылы Топ бойынша су алу деңгейі 2%-ға өсті, бұл ретте су тұтыну деңгейі негізінен кенді қайта өңдеу көлемінің өсуіне байланысты болды. Ақтоғайдағы су тұтыну деңгейінің 6%-ға артуы кенді қайта өңдеу көлемінің 7%-ға өсуіне байланысты болды, бұл ретте Бозшакөлде қалдыққоймадағы айналма сумен жабдықтау мөлшерінің өсуі кенді қайта өңдеу көлемінің 6%-ға артқанына қарамастан су алуды арттыруды тек 1%-ға шектеуге мүмкіндік берді.

Бозшакөл қалдыққоймасынан алынатын айналмалы сумен жабдықтау жүйесінің жақсаруының және Шығыс өңірдегі су тұтыну деңгейінің азаюының арқасында Топ кәсіпорындарында қайта өңделген сульфидті кеннің тоннасына шаққанда текше метрмен

өлшенетін су алу қарқындылығы 2024 жылы 0,60 м³/т (2023: 0,63 м³/т) дейін төмендеді. Шығыс өңірдегі су алу деңгейі 10%-ға қысқарды, себебі Николаев байыту фабрикасындағы қорғасын концентратын өндіру учаскесі кен шикізаты құрамының болжалды өзгеруіне байланысты бір жыл ішінде жұмыс істеген жоқ.

Топ су тұтыну деңгейін барынша қысқарту бойынша барлық мүмкін шараларды қабылдайды, бұл ретте Ақтоғай және Бозшакөл сульфидті байыту фабрикалары суды тиімді пайдалануды ескере отырып салынған.

Активтер бойынша бөлінген су тұтыну деңгейі (мегалитр)

	2024	2023
Ақтоғай	34 852	32 803
Бозшакөл	14 883	14 718
Шығыс өңірі	7 864	8 745
Бозымшақ	587	545
БАРЛЫҒЫ	58 186	56 811

Активтер бойынша бөлінген су алу қарқындылығы (қайта өңделген кеннің тоннасына м³)

	2024	2023
Ақтоғай	0,60	0,60
Бозшакөл	0,43	0,45
Шығыс өңірі	3,23	3,66
Бозымшақ	0,56	0,46
БАРЛЫҒЫ	0,60	0,63



Биоалуантүрлілік

Топ қызмет салдарынан әсер етуі мүмкін аудандарда биоалуантүрлікті қорғау принциптерін ұстанады және биоалуантүрліктің жоғары деңгейімен сипатталатын аудандарда өндірістік операцияларды жүргізбеуге тырысады.

Топтың биоалуантүрлікті қорғау бойынша басты міндеті – Ақтоғай және Бозшакөл кен орындарын игеру нәтижесінде туындайтын ықтимал жағымсыз әсерді төмендету.

Кенішті жою

Топ өз қызметін жүзеге асыратын елдердің заңнамаларының талаптарына сәйкес тау-кен өндіру учаскелерін пайдалануды тоқтатқаннан кейін оларды қалпына келтіру бойынша барлық қажетті шараларды орындайды.

Топ кәсіпорындарының бас директорлары тау-кен өндіру учаскелерін пайдалануды тоқтатуға және қалпына келтіруге қатысты Топтың міндеттемелерін сақтауы үшін жауап береді. Топ өзінің өндірістік алаңдарының әрқайсысы үшін кеніштерді жою жоспарларын тұрақты түрде қайта қарайды және жаңартады, осындай процеспен байланысты ықтимал шығындарды қоса есептейді. Топтың қаржылық есептілігіне әр кен орнында кенішті пайдаланудың ағымдағы бағалау мерзімі негізінде кеніштерді пайдаланудан шығаруға және оларды қалпына келтіруге арналған бағалау шығындарының дисконтталған мәні болып табылатын провизиялар енгізілді.

Экологиялық рұқсаттар және заңнаманы сақтау

Топтың барлық өндірістік кәсіпорындарына экологиялық рұқсаттар беріледі, оларда атмосфераға шығарылатын эмиссияларға, сонымен қатар суды пайдалану мен ағызуға берілетін жыл сайынғы квоталар белгіленеді.

Белгіленген лимиттер асып кеткен жағдайда кәсіпорындардан атмосфераға шығарылатын эмиссияларға немесе суды пайдалануға берілетін квоталардың асып кету көлеміне барабар төлем алынады. Топтың 2024 жылы төлеген төлемдерінің көпшілігі әкімшілік сипатта болды және нормативтік-құқықтық ережелерді бұзғаны үшін айыппұл болып саналмайды. Эмиссияның рұқсат етілген көлемін арттырғаны үшін төлемдер қоршаған орта, қалдыққоймаларды немесе қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды басқарудың басқа да жүйелерін қауіпсіз пайдалану үшін қандай да бір ықтимал тәуекелмен байланысты емес.

Қоршаған ортаны қорғау туралы нормативтік-құқықтық актілер

2021 жылдан бастап Қазақстанда жаңа экологиялық кодекс қолданысқа енгізілді.

Жаңа кодекске Қазақстандағы экологиялық реттеу саласындағы маңызды жаңартулар енгізілді және KAZ Minerals Тобы Қазақстанның тау-кен өндіру және тау-кен металлургия кәсіпорындарының республикалық қауымдастығының мүшесі бола отырып, жаңа кодекс жобасын әзірлеу үдерісіне белсенді қатысты.

ПРАКТИКАЛЫҚ МЫСАЛ

Өсімдіктердің құрғақ дала жағдайындағы өміршеңдігін зерттеу

Қазақстан далалық және шалғынды жазықтарымен танымал, оның құрғақ климаты мен күшті желі өсімдіктердің өсуін қиындатады.

Осыған байланысты Бозшакөл қызметкерлерінің командасы Павлодар облысында өсімдіктердің өміршеңдігін зерттеуге бастамашылық етті, оның мақсаты – өсімдіктерді суарусыз отырғызудың инновациялық әдістерінің Топ активтеріне іргелес аумақтардағы биоалуантүрлікті және экологиялық тұрақтылықты арттыруға қалай ықпал ететінін көрсету.

Шектеулі жауын-шашын, жоғары булану деңгейі және топырақтағы қоректік заттардың аз мөлшері өсімдіктердің тіршілігіне айтарлықтай кедергі келтіреді. Температураның күрт ауытқуы және желдің қатты соғуы өсімдіктердің сусыздануына және физикалық зақымдалуына одан әрі ықпал етеді. Бұл факторларды жеңу мұқият жоспарлауды және ормандарды қалпына келтіру бастамаларының ұзақ мерзімді тиімділігін қамтамасыз ету үшін бейімделу стратегияларын қолдануды талап етеді.

Топтың қоршаған ортаны қорғау және биоалуантүрлікті сақтау бойынша міндеттемелеріне сәйкес Бозшакөл кен орнының Қоршаған ортаны қорғау департаменті Павлодар облысының құрғақ дала аймағындағы әртүрлі ағаш және бұта түрлерінің өміршеңдігін бағалауға бағытталған үш жылдық кешенді зерттеуді бастады.

Зерттеу топырақ құрамын, аумақтың геоморфологиясы мен климатын терең талдаудан басталып, орман өсіру жұмыстарын қамтыды. Зерттеу жұмыстары 2026 жылға дейін жалғасады.

Бұл бастапқы қадамдар өсімдік отырғызудың ең қолайлы орындарын және ормандарды қалпына келтіру үшін оңтайлы ағаш түрлерін анықтауда аса маңызды болды. Өсімдіктердің өміршеңдігін арттыру үшін жас көшеттер жергілікті климаттық жағдайларға бейімделуіне қарай мұқият таңдалды.

Көгалдандырудан басқа, таңдалған өсімдік отырғызу орындары екі функцияны орындайды: бір жағынан өндіріс алаңы мен вахталық қалашық арасындағы жасыл қорғаныш тосқауыл ретінде әрекет етсе, екінші жағынан парниктік газдардың жұтылуына ықпал етеді, себебі Топ өзінің қоршаған ортаға әсерін азайтуды және биоалуантүрлікті сақтауды көздейді.

2026 жылға қарай Бозшакөл кен орнында он гектар жерге 48 000-ға жуық бұта мен ағаш көшеттері отырғызылады деп жоспарлануда. Зерттеу нәтижелері ең төзімді өсімдік түрлерін анықтау арқылы болашақ орман өсіру жұмыстарының табысты болуына ықпал етеді.

KAZ Minerals Тобы табиғатты жауапты басқару оның тұрақты даму стратегиясының негізгі бөлігі екеніне сенеді. Осы сияқты инновациялық-зерттеу жобаларына инвестиция салу және жергілікті қауымдастықтармен серіктестік жасау арқылы Топ әлдеқайда экологиялық және тұрақты болашақты құруға көмектесіп келеді.

Бұл факторларды жеңу мұқият жоспарлауды және ормандарды қалпына келтіру бастамаларының ұзақ мерзімді тиімділігін қамтамасыз ету үшін бейімделу стратегияларын қолдануды талап етеді.



МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР



Қызметкерлер

Топ қауіпсіз еңбек жағдайларын, нарықтық мөлшерлемелерге сәйкес әділ сыйақыларды және қызметкерлер мен олардың отбасыларына әлеуметтік жеңілдік пакеттерін ұсына отырып, білікті қызметкерлерді тартуға және жібермеуге тырысады.

Топтың саясаттары және қызметкерлерді кешенді тексеру

Топ кәсіпорындарына келсек, KAZ Minerals компаниясында қызметкерлермен қарым-қатынасты реттейтін бірқатар саясат әрекет етеді, оның ішінде Жұмысқа әділ түрде қабылдау туралы кодекс және Алуантүрлік пен тең құқықтық саясаттары да бар. KAZ Minerals Жұмысқа әділ түрде қабылдау туралы кодексінің Топта толыққанды қолданылатынына көз жеткізу үшін өз кәсіпорындарындағы жұмысқа орналасу шарттарын мерзімді түрде қарастырып отырады. Кандидаттарға қатысты Топта жұмысқа орналасқанға дейін кешенді тексеру жүргізіледі.

Кеңес беру және коммуникация

Қызметкерлер үшін өз пікірін жоғары басшылыққа жеткізуге көмектесетін бірнеше коммуникация арнасы жұмыс істейді. Бірінші байланыс тұлғасы – қызметкердің тікелей басшысы, және көп жағдайда тікелей басшыға жасалатын өтініш оның мәселелерін шешу үшін жеткілікті болып табылады.

Топ жыл сайын қызметкерлермен тікелей желі өткізеді, оның барысында Байқау кеңесінің төрағасы қызметкерлердің сұрақтарына тікелей эфирде жауап береді. Топтың әрбір өндірістік бөлімшесінде Еңбек қатынастары жөніндегі басшы бар, ол қызметкерлер мен басшылықтың өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді. Бас директорлар тоқсан сайын ұжымға жалпы жиналыс өткізіп тұрады. Барлық қызметкерлер «Speak Up» құпия сенім телефонын пайдалана алады. Сенім телефоны арқылы өндірістік немесе кадрлық мәселелерден басқа этикалық сипаттағы, соның ішінде парақорлықпен немесе сыбайлас жемқорлықпен байланысты мәселелерді көтеруге болады.

Барлық қызметкерлер кәсіподақты таңдауға және оған өз қалауы бойынша кіруге құқылы. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Топ жұмыскерлерінің шамамен 60%-ы Қазақстанда тау-кен өндіру саласында жұмыс істейтін үш кәсіподақтың бірінің мүшелері болды (2023: 59%).

Топ бірлестіктердің еркіндік құқығын құрметтейді; біз қызметкерлерімізбен және кәсіподақтармен еңбек жағдайларының өзгеруі және іскерлік қызметімізді жүргізу мәселелері бойынша диалог жүргіземіз.

KAZ Minerals өз қызметкерлерімен байланысу үшін бірқатар арналарды пайдаланады, соның ішінде веб-сайттар, ішкі корпоративтік желі, WhatsApp мессенджеріндегі топтар, корпоративтік газет, теледидар жаңалықтары және арнайы YouTube арнасы. Осы немесе басқа жағдайға сәйкес келетін аталған байланыс арналарының әрқайсысының өзіндік артықшылықтары бар.

Негізгі байланыс және кеңес беру арналары

I. Әлеуметтік желілер және электрондық пошта

KAZ Minerals өз қызметкерлерімен және басқа да мүдделі тараптармен Telegram, WhatsApp және Instagram сияқты бірқатар әлеуметтік желілер арқылы байланыста болады. KAZ Minerals компаниясының Telegram арнасы күн сайын жаңартылып отырады және пікір қалдыру, сұрақ қою, жауап алу алаңы болып табылады. Instagram – ішкі және сыртқы мүдделі тараптарға Топтың қызметімен және геологтар, геодезистер, электршілер сияқты түрлі қызметкерлердің күнделікті жұмысымен танысуға мүмкіндік беретін ақпараттық және ойын-сауық ресурсы. Бұдан басқа, Топ қызметкерлерімен жылдам байланысу үшін электрондық пошта мен WhatsApp мессенджеріндегі топтарды пайдаланады.

2. Корпоративтік газет

KAZ Minerals өз қызметкерлері үшін қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде тұрақты түрде газет шығарады. Оны Интернеттен қарап оқуға болады, сонымен қатар корпоративтік электрондық поштаға кіру мүмкіндігі жоқ қызметкерлер үшін шамамен 5 000 дана тиражбен баспа түрінде қолжетімді. Корпоративтік газеттің мақсаты – қызметкерлерге Топтағы оқиғалар мен жетістіктер туралы, әрбір өндірістік алаңдағы жаңалықтар туралы хабарлау.

3. YouTube арнасы

KAZ Minerals компаниясының жеке YouTube арнасы бар, ол біз үшін қызметкерлерімізбен, сондай-ақ мүдделі тараптардың кең аудиториясымен байланысудың қуатты құралы. Аудиториясы үнемі өсіп отыратын YouTube арнасы біздің операциялық қызметіміз бен жетістіктерімізді көрсету үшін пайдалы платформа болып табылады. Топтың YouTube арнасы да тікелей эфирдегі трансляциялар, оның ішінде «Тікелей желі» үшін мерзімді түрде қолданылады.

4. Тікелей желі

Топтың Байқау кеңесінің төрағасы Олег Новачук жыл сайын қызметкерлермен «Тікелей желі» деп аталатын сұрақ-жауап сессиясын өткізеді.

Орналасқан жеріне немесе лауазымына қарамастан кез келген қызметкер бейнеконференция, электрондық пошта немесе WhatsApp желісі арқылы сұрақтар қоя алады.

Тікелей желі қызметкерлер мен басшылық арасындағы байланыстың маңызды құралына айналды. Адал және ашық диалог жүргізе отырып, басшылық кері байланыс алуға, өз қызметкерлерімен жақынырақ танысуға және жұмыс ортасының сапасын арттыру үшін шаралар қабылдауға мүмкіндік алады.

Топ басшылығы барлық қызметкерлеріне KAZ Minerals-тағы оқиғалар туралы хабарлауға, сонымен қатар оларға өз ойын білдіріп, идея ұсынуға мүмкіндік беруге тырысады. Тікелей желінің көмегімен қызметкерлер өз көзқарастарын білдіріп, басшылық олардың пікіріне бей-жай қарамайтынына сенімді бола алады.

Бұл бастама 2015 жылы басталғаннан бері айтарлықтай дами түсті. Сол кезден бастап видео сапасының жақсаруы және ауқымының кеңеюінің арқасында тікелей желінің аудиториясы өсті, сондай-ақ қазақ, орыс және ағылшын тілдеріне аударма жасала бастады.

Сұхбат тақырыптары жалақы және ұйымдық сұрақтар сияқты күнделікті мәселелерді, сонымен қатар Топтың болашаққа деген жоспарлары, еңбек қатынастары, корпоративтік құндылықтар сияқты стратегиялық мәселелерді қамтиды.

Осы жылдар бойы «Тікелей желінің» арқасында және қызметкерлердің бастамасы бойынша KAZ Minerals компаниясында бірқатар өзгерістер енгізілді – Топ кәсіпорындарында жаңа спорттық-демалыс кешендері мен вахталық қалашықтарда саябақтар салынып, сатып алу рәсімдері өзгерді.

5. Speak Up

Барлық қызметкерлер «Speak Up» құпия сенім телефонын пайдалана алады. Сенім телефоны арқылы өндірістік немесе кадрлық мәселелерден басқа этикалық сипаттағы, соның ішінде парақорлықпен немесе сыбайлас жемқорлықпен байланысты мәселелерді көтеруге болады. Speak Up жүйесі арқылы алынған барлық есептер тексеріліп, Аудит жөніндегі комитет көтерілген мәселелер бойынша үнемі жаңартылған деректер алып отырады. KAZ Minerals өзінің барлық операцияларын ашық жүргізуге және адалдықтың жоғары стандарттарын қамтамасыз етуге ұмтылады. Заңнаманы және этикалық нормаларды бұзу туралы хабарлау саясаты (Speak Up) әрбір қызметкерді қызметтік жағдайды теріс пайдаланудың және заңсыз әрекеттердің кез келген жағдайлары туралы хабарлауға шақырады.



Заңнаманы және этикалық нормаларды бұзу туралы хабарлау саясаты (Speak Up) әрбір қызметкерді қызметтік жағдайды теріс пайдаланудың және заңсыз әрекеттердің кез келген жағдайлары туралы хабарлауға шақырады.

ПРАКТИКАЛЫҚ МЫСАЛ

KAZ Minerals қызметкерлерінің әл-ауқатын арттыру

KAZ Minerals өз қызметкерлерінің әл-ауқаты тұтастай алғанда Топтың тұрақты дамуының негізі екенін жақсы түсінеді. Соңғы айларда Топтың өндірістік нысандарында, сонымен қатар Алматы, Өскемен және Бішкек қалаларының кеңселерінде қызметкерлер арасында кең ауқымды сауалнама жүргізілді. Зерттеу нәтижелері қызметкерлердің қажеттіліктерін анықтап, жақсартуға болатын негізгі салаларды белгілеп берді.

Осыған орай KAZ Minerals қызметкерлердің жұмыс жағдайын жақсартуға бағытталған бірнеше бастаманы жүзеге асыруда. Жобаның амбассадоры әрі Бозымшақтың Бас директоры Ильяс Тулекеев корпоративтік мәдениетке салауатты өмір салтын енгізудің маңыздылығын атап өтіп: «Әр қызметкердің игілігі – бүкіл компанияның табысты дамуының басты шарты», – деді.

Қаржылық тұрақтылық

Қызметкерлердің белсенділігі мен тиімді жұмысы қаржылық тұрақтылыққа тікелей байланысты. Жобаны қолдау аясында KAZ Minerals қаржылық сауаттылықты арттыруға арналған оқыту өткізді, оған 2 500-ден астам қызметкер қатысты. Офлайн және онлайн форматта өткен бұл сессияларда кіріс пен шығысты басқару, ипотека мен несиені түсіну, сондай-ақ алаяқтардан қорғану сияқты маңызды тақырыптар қарастырылды.

Физикалық белсенділік

Топ барлық алаңдарда тағамдардың кең таңдауын ұсынады, ал тұрақты сауалнамалар қызметкерлердің диеталық қалауларының ескерілуін қамтамасыз етеді. Қызметкерлердің тамақтануын жақсарту және уақытты үнемдеу мақсатында вахталық әдіспен жұмыс істейтін өндірістік алаңдарда «өзімен бірге алып кететін таңғы ас» қызметі енгізілді.

Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында

газдалған сусындарды шамадан тыс тұтынудың зияны және D дәруменінің пайдасы туралы оқыту бейнероликтері көрсетіледі. Сонымен қатар, қызметкерлер арасында дене шынықтыруды дамыту және достықты нығайту мақсатында тұрақты түрде спорттық жарыстар өткізіледі.

Әлеуметтік әл-ауқат

Қызметкерлермен тиімді байланыс орнату және жұмыс орнындағы проблемаларды шешу үшін Топ «Сенім» (Қазақстан) және «Ишеним» (Бозымшақ) желілерін іске қосты. Қызметкерлер осы арналар арқылы жұмысқа байланысты кез келген сұрақтарын еркін қоя алады.

Эмоциялық тепе-теңдік

Психикалық саулықтың маңыздылығын түсіне отырып, Топ вахталық қалашықтарға психологтарды жұмысқа алды, олар қызметкерлерге ауысым кезінде көмек көрсетеді. Сонымен қатар Топ бұл қызметтерді басқа бөлімшелерде кеңейту жолдарын қарыстыруда. Алматыдағы корпоративтік кеңседе еңбек жағдайлары жақсартылды: мұнда тыныш әрі жайлы жерде жұмыс істеуге арналған арнайы орындар жасалды, ал Ақтоғайда демалыс пен ойын-сауыққа қолайлы жағдай жасау үшін киберзона жаңартылды.



**Бозымшақтың Бас директоры
Ильяс Тулекеев корпоративтік
мәдениетке салауатты өмір салтын
енгізудің маңыздылығын атап өтіп:
«Әр қызметкердің игілігі – бүкіл
компанияның табысты дамуының
басты шарты», – деді.**

Еңбекақы төлеу және жеңілдіктер

KAZ Minerals компаниясындағы қызметкерлерге еңбекақы төлеу жүйесі атқарған еңбегі үшін әділ жалақы төлеу қағидаттары бойынша қолданылады және еңбек өнімділігі саласында, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын сақтау саласында қол жеткізілген нәтижелер үшін ынталандырады. Өндіріс жұмыскерлері мен бөлімше басшыларының жалақысы базалық еңбекақы мен сыйлықақыдан тұрады, оның мөлшері өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау, сондай-ақ өндірістік қызмет бойынша жоспарлы көрсеткіштердің орындалуына байланысты. Бөлімше басшыларының еңбекақысы, сонымен қатар әдетте, мөлшері корпоративтік құндылықтардың сақталуына, өндіріс тиімділігіне және шығындарды бақылауға байланысты болатын сыйақы төлемдерін де қамтиды. Топ күн көру құнының инфляциясын ескере отырып, әсіресе жалақысы төмен жұмыскерлер үшін жалақыны көтеру бойынша шаралар қабылдайды. Барлық қызметкерлердің еңбекақысы ең төменгі жалақыдан да, сондай-ақ Қазақстан және Қырғызстан үкіметі белгілейтін ең төменгі күнкөріс деңгейінен де жоғары.

Қазақстан және Қырғызстан заңнамасына, сонымен қатар еңбек шарттарының талаптарына сәйкес Топ қазіргі және бұрынғы қызметкерлеріне кәсіптік аурулары пайда болған және Топтың өндірістік объектілерінде еңбек міндеттерін орындау барысында еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда төлемдер жүргізеді.

Білікті мамандарды жұмысқа тарту және компанияда қалдыру

Кадрлардың тұрақтамауы Топтың әрбір өндірістік кәсіпорнында, сондай-ақ кадрлар бөлімінде белсенді бақыланады. Білікті мамандарды ұстап қалу Ақтоғай мен Бозшакөлде Топ активтерін табысты дамыту үшін, сондай-ақ тұтастай алғанда Топтың үздіксіз әрі табысты өндірістік қызметі үшін негізгі фактор болып табылады.

Ақтоғайдағы екінші сульфидті байыту фабрикасын пайдалануға енгізу кезінде Топ үлкен тәжірибе жинап, Ақтоғай мен Бозшакөлде алғашқы сульфидті байыту фабрикаларында өндірісті ұлғайту барысында алған білімді пайдаланды. Топтан кеткен қызметкерлерден кері байланыс алу мақсатында сауалнамалар жүргізіледі.

Басшы лауазымдарға ықтимал кандидаттарды анықтау үшін Басшы қызметкерлерді дамыту бағдарламасы енгізілуде. Осылайша оларға оқыту және тәлімгерлік арқылы қолдау көрсету мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Әлеуетті кандидаттар негізгі орындарға тағайындалады және оларды қолдау үшін жеке даму жоспарлары жасалады.

Қазіргі уақытта Ақтоғайда, Бозшакөлде және Шығыс өңірінде 299-дан аса адамның жеке даму жоспарлары бар. Шетелдік мамандарға тәлімгерліктің, олардың жергілікті кандидаттарға нұсқау берудің және оқытудың тиімділігі тұрғысынан жыл сайынғы бағалау жүргізіледі. Кадрлық резервті ұлғайту немесе дамыту барысы тоқсан сайынғы және жыл сайынғы негізде бір жылдағы қорытындыларды шығару кезінде қаралады.

Оқыту және дамыту бөлімі

Топтың бес корпоративтік құндылықтарының бірі – кәсіби даму. KAZ Minerals біздің қызметкерлердің еңбек өнімділігін, тиімділігін және қауіпсіздігін арттыру үшін кәсіби даму мүмкіндігімен қамтамасыз етуге тырысады. Топ қызметкерлердің мансаптық өсу стратегиясы үшін аса маңызды болып саналатын қажетті дағдыларды, біліктерді және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыруға ұзақ мерзімді тәсілді қолданады.

2024 жылы Топ қызметкерлерін орташа оқыту ұзақтығы 64 сағатты құрады (2023: 63 сағат). Бұл әдетте өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша 44 оқыту сағатын, 15 сағат кәсіби оқыту сағатын және бес қосымша оқыту сағатын қамтиды. Бұған қоса, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша оқыту өндірістік оқытудың барлық процестеріне қосылады, сондықтан бұл тақырып бойынша жеке курстар қазіргі таңда қарастырылмаған. Оқыту бағдарламасы техника мен көлік құралдарын қауіпсіз пайдалануды, электр қауіпсіздігі мен өрт қауіпсіздігін, еңбекті қорғау бойынша оқытуды, физикалық дайындық пен кәсіби дамуды қамтиды.

Қазіргі уақытта Ақтоғайда, Бозшакөлде және Шығыс өңірінде 299-дан аса адамның жеке даму жоспарлары бар.





Топ жұмыскерлерінің арасындағы әйелдердің үлесі ірі тау-кен өндіру компанияларының арасында сала бойынша орташа көрсеткіштермен салыстырғанда қатысты түрде жоғары болып табылады және қызметкерлердің жалпы санының 21%-ын құрайды.

Алуантүрлілік пен тепе-теңдік

Біздің мақсатымыз қызметімізді жүзеге асырып жатқан елдердің тұрғындары арасынан білікті жұмыс күшін тарту және позитивті, қолдаушы және инклюзивті мәдениет құру болып табылады. Топ жас өлшемі, гендерлік тиістілігіне қарай, нәсілі, ұлты, этникалық шығу тегі, отбасылық жағдайы, ана болу, әке болу немесе мүгедектік белгілері бойынша кемсітушілік жағдайларын болдырмау үшін рәсімдерді белгіледі. Кемсітушілік немесе қорқыту жағдайлары туралы кез келген хабарламаларға қатысты тергеу жүргізіледі.

Топтың корпоративтік құндылықтарына сәйкес біз қызметкерлерді олардың мінездемелері мен қызметі негізінде іріктеуге, жалдауға және мансабы бойынша жылжытуға тырысамыз. Біз әрбір қызметкердің біліктілік деңгейін және әлеуетін ескере отырып, оларға оқыту мен мансаптық өсудің бірдей мүмкіндіктерін ұсынамыз.

Біз өз кәсіпорындарымызда еңбек ұжымы мүшелерінің қазіргі қажетті кәсіби білімі мен дағдыларын дамытуға тырысамыз және мүмкіндігінше жергілікті тұрғындар қатарынан қызметкерлерді жұмысқа аламыз. Кадрлық резерв бағдарламасы жергілікті еңбек нарығындағы жұмыскерлер қатарынан негізгі лауазымдарға кандидаттарды оқытуға және кәсіби дамытуға бағытталған. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Топтағы тұрақты қызметкерлердің 98%-ы біздің өндірістік кәсіпорындарымыз орналасқан елдердің азаматтары болды.

Орта және ұзақ мерзімді даму перспективасында белгілі бір бейіндегі дағдылары бар қызметкерлерге қажеттілік туындаған жағдайда, біз өз білімдерімен және тәжірибелерімен бөлісуге дайын шетелдік мамандарды тартамыз. Топтың өндірістік кәсіпорындарында жұмыс істейтін шетелдік мамандардың саны шектеулі және олар негізінен жергілікті мамандар командаларымен бірлесіп жұмыс істеу үшін Ақтоғай мен Бозшакөл кәсіпорындарына тартылған.

Топ барлық қазіргі және әлеуетті болашақ қызметкерлеріміз үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге ұмтылады. Топ жұмыскерлерінің арасындағы әйелдердің үлесі ірі тау-кен өндіру компанияларының арасында өнеркәсіп бойынша орташа көрсеткіштермен салыстырғанда қатысты түрде жоғары болып табылады және қызметкерлердің жалпы санының 21%-ын құрайды. Бұл жоғары басшылық деңгейінде көрініс тапты, онда әйелдердің саны 25%-ды құрайды. Топ барлық деңгейлерде әйел қызметкерлердің үлесін арттыру бойынша жұмыстар атқарады және аналар мен әкелер үшін бала күтімі бойынша үш жылға дейін еңбек демалысын береді, сонымен қатар осындай демалыстан қайта оралған қызметкерлер үшін қайталама нұсқамалық жүргізеді.

Біз еңбекақы төлеу кезінде гендерлік айырмашылықтарды болдырмау мақсатында ұқсас лауазымдардағы еңбекақы теңдігі тұрғысынан жалақыны үнемі қайта қарастырып отырамыз.

Этика, заңнаманы сақтау, парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Адалдық Топтың бес корпоративтік құндылықтарының бірі болып табылады. Топ бұл орайда ең жоғары стандарттарды сақтауды көздейді.

Топ қолданатын Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасы Ұлыбританияның 2010 жылы қабылданған «Парақорлық туралы» Заңының талаптарына сәйкес әзірленген және Топтың барлық бөлімшелерінде қолданылады. Тиісті тармақтар 2011 жылдан бастап жеткізушілермен жасалатын келісімшарттардың стандартты талаптарына енгізілген. Топ саясатының және парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қатысты жүргізілетін кешенді тексеру рәсімдерінің сипаттамасы жылдық есептің «Корпоративтік басқару құрылымы» бөлімінде келтірілген.

Топта «Speak Up» анонимді өтінім жүйесі іске қосылған және қызметкерлер кез келген алаңдаушылық тудыратын этиканы бұзу фактілері туралы хабарлай алады, бұл ретте мұндай хабарламалар туралы есептерді Аудит жөніндегі комитет үнемі қарастырады.

Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша оқыту курсынан өтуі тиіс қызметкерлердің санаттарын анықтау үшін тәуекелдерді бағалау жүйесі қолданылады. Бұл санаттарға жабдықтау, сату және қаржы қызметтерінде жұмыс істейтін қызметкерлер, сондай-ақ лауазымдық міндеттері мемлекеттік немесе реттеуші органдармен өзара әрекеттесуді қамтитын қызметкерлер кіреді.

Жеткізушілер

KAZ Minerals компаниясының жеткізу тізбегіне өндіріс, сонымен қатар мыс пен ілеспе өнімді сату үшін жұмыс күшін, электр энергиясын, көлікті, балқыту қуаттарын, жабдықты, шикізат пен шығыс материалдарын ұсынатын мердігерлер мен жеткізушілер кіреді.

Жеткізушілер жарғысы

Топ корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің жоғары стандарттарын ұстанады. Жеткізушілеріміз Топ олардан сақтауды талап ететін стандарттарды түсінуі үшін KAZ Minerals өзінің Жеткізушілер жарғысын қолданады.

Жеткізушілер жарғысында парақорлық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қызметкерлердің әл-ауқаты, қоршаған ортаны қорғау жауапкершілігі, жергілікті халықпен қарым-қатынастар және адам құқықтары саласында сақталуы тиіс Топ принциптері мазмұндалады.

Жеткізушілер аталған жарғыда мазмұндалған принциптердің барлық нақты немесе күдікті бұзушылықтары туралы KAZ Minerals Тобының басшылығына немесе «Speak Up» құпия желі арқылы хабарлауы тиіс.

Барлық жеткізушілер үшін KAZ Minerals компаниясымен жұмыс істеуді бастаудың немесе жалғастырудың шарты – Жеткізушілер жарғысында мазмұндалған стандарттарды сақтау міндеттемесі болып табылады.

Сонымен қатар стандарттарымызды сақтайтын жеткізушілермен ғана ынтымақтастықты қамтамасыз ету мақсатында Топ барлық жаңа жеткізушілерге қатысты жеке кешенді тексеріс жүргізеді.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі саясат қалдықтарды қысқарту, ластауды болдырмау және Топ қызметінің қоршаған ортаға жалпы әсерін барынша төмендету бойынша міндеттемені қамтиды. Жеткізушілердің жарғысына біздің жеткізушілердің келесі міндеттемелері кіреді: (i) қоршаған ортаны қорғауға қатысты жергілікті нормативтік-құқықтық актілерді сақтау және өз қызметінің қоршаған ортаға тигізетін әсерін шектеуге қажетті әрекеттерді қабылдау; (ii) қоршаған ортаны қорғау және қоршаған ортаға тигізетін әсерімізді төмендетуге көмектесе алатын тауарлар мен қызметтерді пайдалану, сонымен қатар энергия, қағаз, су және қалдықтар сияқты ресурстарды басқаруды және пайдалануды жақсарту бойынша зор жауапкершілік алуға ықпал ету; және (iii) экологиялық таза технологияларды әзірлеу және таратуға ықпал ету.

Жеткізушілер жарғысында Топтың өзінің жеткізушілеріне қоятын талаптары белгіленген, оларға парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қызметкерлердің әл-ауқаты, қоршаған ортаны қорғау, жергілікті халықпен өзара әрекеттесу және адам құқықтары сияқты салалардағы талаптар кіреді.



Жұмысқа әділ түрде қабылдау шарттары туралы кодекс

KAZ Minerals Жұмысқа әділ түрде қабылдау шарттары туралы кодексті қабылдады, оның талаптары Топ қызметкерлеріне де, Топ жеткізушілеріне немесе мердігерлеріне де қатысты сақталуы тиіс. Жеткізушілер жарғысының аясында жеткізушілер де Жұмысқа әділ түрде қабылдау шарттары туралы кодекстің талаптарымен келісуі тиіс.

Жұмысқа әділ түрде қабылдау шарттары туралы кодекс KAZ Minerals веб-сайтында орналастырылған және мәжбүрлі және еріксіз еңбектің, адам саудасының, балалар еңбегінің, заңсыз еңбек қызметінің және адамгершілікке жатпайтын қылықтың алдын алу бойынша міндеттемелерді қамтиды. Қызметкерлердің төлқұжаттарын немесе жеке басын куәландыратын құжаттарын тартып алуға, депозиттер алуға, қозғалыс еркіндігін шектеуге және қызметкерлерді жалдау үшін ақы алуға тыйым салынады. Барлық қызметкерлердің еңбек шарттары болуы тиіс, олар ең төменгі жалақы деңгейінен жоғары мөлшерлеме бойынша еңбек ақысын алуы тиіс, сондай-ақ олардың шағымдарды қарастырудың тиісті рәсімдеріне қолжетімділігі мен жағдайы тең болуы керек.

Топ өзінің жеткізу тізбегінде қазіргі заманғы құлдық пен адам саудасын болдырмау саясатын ұстанады.

Жеткізу тізбегіне мониторинг жүргізу

2024 жылы 4 865 қызметкер, оның ішінде жабдықтау қызметкерлері және мердігерлердің жұмысын бақылайтын басшылар жеткізу тізбегіне мониторинг жүргізу бойынша оқытудан өтті. Оқыту Жеткізушілер жарғысында белгіленген нормалар, атап айтқанда қазіргі заманғы құлдық пен адам саудасына қатысты нормалар туралы хабардар болуды арттыруды мақсат еткен. Топтың жеткізу тізбегінде қазіргі заманғы құлдық жағдайларын болдырмау мақсатында қызметкерлер жеткізушілер мен мердігерлерді қадағалауы, сонымен қатар Топ саясатының бұзылғаны туралы кез келген күдіктері туралы тиісті арналар бойынша хабарлауы тиіс.

Қазіргі заманғы құлдық

Топ оның жеткізу тізбегінде қазіргі заманғы құлдық пен адам саудасының болмауын көздейді. Топ қызметкерлерінің әл-ауқатын әрдайым мұқият қадағалайды және өз қызметінің ашық болуын көздейді. Жұмысқа әділ түрде қабылдау шарттары туралы кодекс Топтың мәжбүрлі және еріксіз еңбек, адам саудасы, балалар еңбегі және заңсыз еңбек қызметі, сонымен қатар адамгершілікке жатпайтын қылыққа қатысты ұстанымын белгілейді. Кодекспен KAZ Minerals веб-сайтына кіріп танысуға болады. Қызметкерлерді басқару департаменті Жұмысқа әділ түрде қабылдау шарттары туралы кодекстің сақталуын қадағалау мақсатында бүкіл Топ бойынша мерзімді түрде ішкі тексеріс жүргізеді. Қандай да бір бұзушылық фактілері анықталған жоқ.

Қазіргі заманғы құлдық бойынша едәуір жоғары әлеуетті тәуекелге ұшырауы мүмкін жеткізушілер мен мердігерлерді анықтау мақсатында Топтың негізгі мердігерлерімен және жеткізушілерімен байланысты тәуекелдерді бағалау жүргізіледі. Топтың барлық бөлімшелерінің бас директорлары олар Топ объектілерінде жұмыс істейтін мердігерлік ұйым қызметкерлерінің арасында қазіргі заманғы құлдық түрлерінің бар-жоғын куәландыра алатын кез келген белгілерді анықтап, тиісті түрде құжаттағанын немесе мұндай белгілердің жоқтығын растауға міндетті.

Бір жыл ішінде тиісті қызметкерлер, әсіресе басқарушы буын мен объектілерімізде жұмыс істейтін мердігерлер қазіргі заманғы құлдық мәселелері туралы көбірек білу үшін оқытудан өтті. Барлық қызметкерлер басшылыққа немесе Топта жұмыс істейтін «Speak Up» сенім телефонына логистикалық тізбектегі қазіргі заманғы құлдық пен адам саудасының кез келген фактісі немесе оларға қатысты күдік туралы хабарлауы тиіс.

Жеткізушілер жарғысы жеткізушілердің өз жұмыскерлеріне тиісті түрде қарауына негіз болатын қолайлы принциптерін қамтиды, олар жеткізушілердің қызметкерлерді жұмысқа қабылдау бойынша міндеттемелерін сақтайтынына көз жеткізуге мүмкіндік береді.

KAZ Minerals компаниясының стандартты ынтымақтастық шарттарына сәйкес, оның тапсырыс берушілері мен жеткізушілері Жұмысқа әділ түрде қабылдау шарттары туралы кодекстің және Жеткізушілер жарғысының принциптерін сақтауға өз келісімдерін және олардың кәсіпорындарында қазіргі заманғы құлдық жағдайларының жоқтығын растайды.



ПРАКТИКАЛЫҚ МЫСАЛ

Біз негізінен жергілікті жеткізушілерді таңдаймыз

KAZ Minerals компаниясы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жергілікті жеткізушілерден сатып алуға басымдық береді және бұл Топтың мүдделі тараптары үшін кең ауқымды артықшылықтар беретінін мойындайды. Қазақстандағы көптеген компаниялар KAZ Minerals-пен ынтымақтастық жүргізуден пайда көреді, оның ішінде еліміздің экономикалық өсіміне септігін тигізіп, жұмыс орындарын құруға және салық салу арқылы мемлекет кірісін ұлғайтуға ықпал етеді.

Тау-кен өнеркәсібі өнімдері мен қызметтерін жеткізудің сенімді жергілікті тізбегін дамыту отандық жеткізушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы айтарлықтай пайда әкеледі, бұл өз кезегінде әлдеқайда сапалы өнімді шығаруға және едәуір экономикалық тиімді шешім қабылдауға жетелейді. Қысқа жеткізу тізбегі де тапсырыс беруші компаниялардың сенімділігін арттырып, шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

Қазақстан үкіметі отандық өнеркәсіпті дамытуға ерекше назар аударады, ал KAZ Minerals елдегі жетекші тау-кен өндіруші компаниялардың бірі ретінде ұлттық даму көзқарасын толығымен қолдап, өзі қызмет жүргізетін аймақтардағы ұзақ мерзімді серіктестікке ықпал етеді.

Сондай-ақ Топ ірі халықаралық жеткізушілерді олардың Қазақстандағы сервистік орталықтарын кеңейтуге шақырады.

Бұл бастама \$110 млн инвестиция тартып, 700-ден астам жұмыс орнын ашты және Қазақстанға әлемдегі ең озық технологияларды әкелді.

Топтың көптеген халықаралық жеткізушілері жергілікті өндіріс, қызмет көрсету және техникалық қызмет көрсету мүмкіндіктерін кеңейтуде, бұл жұмыс 2025 жылы әрі қарай жалғасып, елге шетелдік инвестицияларды тартуға және жаңа жұмыс орындарын құруға көмектеседі деп күтілуде.

KAZ Minerals өз қызметін дамыта отырып, жергілікті қамтуды арттыруға, отандық жеткізушілерге қолдау көрсетуге және тау-кен секторындағы инновацияларды енгізуге ұмтылады. Стратегиялық серіктестік пен жергілікті әлеуетке тұрақты инвестиция салу арқылы Топ Қазақстан экономикасын нығайтуға үлес қосады.

Бұл бастама \$110 млн инвестиция тартып, 700-ден астам жұмыс орнын ашты және Қазақстанға әлемдегі ең озық технологияларды әкелді.





Адам құқықтары

Топ адам құқықтары еркіндіктің, әділдік пен бейбітшіліктің негізін құрайтын және барлық елдерде бірдей және бүкіл жерде қолданылатын негізгі және ажырамас құқық екенін мойындайды.

KAZ Minerals өзінің тау-кен өндіру қызметінде Адам құқықтары жөніндегі саясатты басшылыққа алады, аталған саясатпен Топтың веб-сайтында танысуға болады. KAZ Minerals халықаралық конвенцияларда айқындалған, танылған және белгіленген адам құқықтарын сақтауға кепілдік береді. Біз Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясында бекітілген адам құқықтарының халықаралық қағидаттарын ұстанамыз және Біріккен Ұлттар Ұйымының Кәсіпкерлік қызмет пен адам құқықтары жөніндегі жетекші қағидаттарын қабылдадық. Жұмысқа әділ түрде қабылдау шарттары туралы кодекске сәйкес біз өз қызметкерлерімізге олардың құқықтарын құрметтейтін жұмыс ортасы мен еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндеттенеміз және іскерлік серіктестерімізден осы стандарттарды сақтауды талап етеміз.

Біз бірлестіктердің еркіндік құқығын құрметтейміз және жұмыскерлерімізбен және кәсіподақтармен еңбек жағдайларының өзгеруі және іскерлік қызметімізді жүргізу мәселелері бойынша диалог жүргіземіз. Кешенді тексеру арқылы біз Компанияда және іскер серіктестеріміздің арасында кез келген адам құқықтарының бұзылуының алдын алуға және жоюға тырысамыз. Адам құқықтары жөніндегі саясатты іске асыру барысында кешенді бағалау жүргізледі, ол жобаларды әзірлеу барысында немесе халықтың тыныс-тіршілігіне әсер етуі мүмкін операциялық қызметке елеулі өзгерістер енгізу кезінде жергілікті тұрғындармен консультация жүргізуді, сондай-ақ жоғарыда көрсетілгендей, өз қызметкерлеріміздің және мердігерлер мен жеткізушілердің қызметкерлерінің еңбек жағдайларына мониторинг жүргізуді қамтиды. Біз жергілікті халықтың мұрасы мен мәдениетін құрметтейміз және қорғаймыз.

Жергілікті халық

Топ қоғамдастықтардың дамуына жәрдемдесуге ұмтылады және өндірістік бөлімшелер мен әлеуетті жаңа жобалардың жанында тұратын жергілікті тұрғындармен байланыста болады.

Топ кәсіпорындарының бас директорлары өз өңірлерінде қоғаммен қарым-қатынас жасау үшін жалпы жауап береді.

Біз жұмыс орындарын құрып, салық төлеп, жергілікті жеткізушілерді тарта отырып және қоғамдық инфрақұрылымды қаржыландыра отырып, Қазақстан экономикасының дамуына үлес қосамыз.

ПРАКТИКАЛЫҚ МЫСАЛ

Жергілікті көлік инфрақұрылымын қайта құру

KAZ Minerals компаниясы өз қызметін жүргізетін аймақтардың тұрғындары мен қауымдастықтарының өмірін жақсартуға ұмтылады және соңғы жылдары Топ жергілікті халықтың әл-ауқатын арттыра отырып, инфрақұрылымды дамыту, жөндеу және жақсарту бойынша түрлі жобаларды қаржыландырды.

Едәуір ауқымды бастаманың аясында 2024 жылы KAZ Minerals 1981 жылы негізі қаланған Павлодар теміржол вокзалының алғашқы күрделі жөндеуін аяқтады. 2023 жылғы тамызда басталған кешенді қайта құру жұмыстары тоғыз ай ішінде аяқталды, нәтижесінде вокзал заманауи, қолжетімді және жолаушылар үшін жайлы нысанға айналды.

Жобаның аясында вокзалдың сырты толықтай қалпына келтірілді, ал ішінде жолаушылардың жайлылығы мен вокзал жұмысының тиімділігін арттыру үшін айтарлықтай жақсартулар жасалды. Вокзал жеті билет кассасымен, кең күту залымен, балаларға арналған ойын алаңымен, ноутбукпен жұмыс істеуге арналған арнайы аумақпен, сонымен қатар жүк сақтауға арналған кең үй-жайлармен жабдықталған, бұл барлық келушілер үшін жайлы және жағымды атмосфера жасайды.

Қайта құру кезінде қозғалу мүмкіндігі шектеулі жолаушылардың вокзалда жүріп-тұруын жақсартуға басты назар аударылды, ол үшін арнайы жобаланған көтергіштер орнатылды. Көру қабілеті бұзылған келушілерге көмектесу үшін тактильді жолақтар, мнемосхема және кіруді жеңілдетуге арналған арнайы билет терминалдарын қамтитын егжей-тегжейлі ақпараттық-навигациялық жүйе енгізілді.

Вокзалдың бай тарихын бейнелейтін тарихи фотосуреттер көрмеге қойылды, олар жолаушыларға вокзалдың тарихымен танысуға және станцияның жаңа заманауи өзгерістерін бағалауға мүмкіндік береді.

Павлодар теміржол вокзалы тоғыз ішкі бағытқа қызмет көрсетеді, орташа жылдық жолаушылар ағыны шамамен 500 мың адамды құрайды. Жөндеу жұмыстары вокзалдың ыңғайлылығы мен тартымдылығын айтарлықтай жақсартып, бүкіл ел бойынша жолаушыларға қызмет көрсететін бұл маңызды көлік торабы үшін үлкен пайда әкелді.

Павлодар вокзалының нысандары мен инфрақұрылымын жаңғырту жолаушыларға ұзақ жылдар бойы қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. KAZ Minerals-тың осы жоба арқылы қауымдастықтың инфрақұрылымын дамытуға деген ұмтылысы оның жергілікті тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға және өмірлік маңызды қоғамдық кеңістіктерді дамытуға бағытталған корпоративтік жауапты субъект ретіндегі рөлін көрсетеді. KAZ Minerals болашақ ұрпақтың дамуына үлес қосып, жергілікті қауымдастықтың дамуына қолдау көрсетіп жатқанын мақтан тұтады.



Вокзал жеті билет кассасымен, кең күту залымен, балаларға арналған ойын алаңымен, ноутбукпен жұмыс істеуге арналған арнайы аумақпен, сонымен қатар жүк сақтауға арналған кең үй-жайлармен жабдықталған, бұл барлық келушілер үшін жайлы және жағымды атмосфера жасайды.

Әлеуметтік жобалар мен жергілікті сатып алулар

Топ өз қызметін жүзеге асыратын елдерде әлеуметтік жобаларды қолдауға ұмтылады, 2024 жылы Топ осындай жобаларға \$52 млн қаржы бөлді.

KAZ Minerals компаниясында әлеуметтік қаржыландыру саясаты қабылданған, онда оның мақсаттары және міндеттері айқындалған. Топ келесі жобаларды қолдауға ұмтылады, оның ішінде: (i) Топ қызметін жүргізетін жерлерде орналасқан жобалар және денсаулық сақтауды, білім беруді, инфрақұрылымды, мәдениет пен спортты дамытуға бағытталған жобалар; (ii) Топ қызметін жүргізетін елдерде іске асырылатын, сондай-ақ денсаулық сақтау, білім беру, инфрақұрылым, мәдениет және спорт саласында жүзеге асырылатын мемлекеттік жобалар; және (iii) Топ өз қызметін жүргізетін елдер туралы мәдениетті және экономикалық ақпаратты ілгерілету жөніндегі жобалар бар.

Бір жыл ішінде Топ Қазақстанда 2024 жылдың басында орын алған қатты су тасқынынан зардап шеккендерге көмек көрсету, Павлодардағы теміржол вокзалын қайта құру, сонымен қатар Семей қаласында мектеп салу және басқа бастамалар бойынша жобаларды қаржыландырды.

Топ Қазақстандағы диверсификацияланған экономикалық өсімге ықпал ете отырып, жергілікті сатып алуларға басымдық береді. Шығыс өңірде жергілікті сатып алулардың үлесі жалпы шығындар көлемінің 68%-ын құрады (2023: 63%). Ақтоғай мен Бозшакөлде қазақстандық жеткізушілерді тартумен бірге жабдықтау үлесі 2024 жылы тиісінше 49% және 53%-ды құрады. Жергілікті қамту деңгейін арттыру бойынша науқандарды іске асыру Топқа соңғы жылдардағы жергілікті қамту үлесін ұлғайтуға мүмкіндік берді, бірақ ол Топтың басқа кәсіпорындарынан төмен болып отыр, себебі бұл кеніштерде заманауи жабдықтар қолданылады, оларды көп жағдайда шетелден ғана сатып алуға болады.

Тұрғылықты халық және олардың қоныс аударуы

KAZ Minerals компаниясының тұрғылықты халықтың құқығын сақтау бойынша міндеттемесі және олардың қоныс аударуына деген көзқарасы осы есепте мазмұндалған Топтың Адам құқықтары жөніндегі саясатында қамтылған.

KAZ Minerals өндірістік қызметін жүргізетін немесе жаңа тау-кен жобаларын әзірлейтін аймақтары тарихи тұрғыдан аз қоныстанған, сондықтан тұрғылықты тұрғындарды көшіру қажеттілігі туындаған жоқ. Болашақ жобалардың халықтың қоныс аударуын қажет етуі екіталай, бірақ Топ тұрғындардың мәжбүрлі қоныс аударуын болдырмауға тырысады және әрдайым мәдени тұрғыдан маңызды аймақтарды қорғауға ұмтылады.

Қазақстанда Жер қойнауын пайдалану туралы заңның ережелеріне сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды орындау кезінде Топ Қазақстан азаматтарына артықшылық беруге және жергілікті қызметкерлерді оқыту үшін қаражат бөлуге міндетті.



Топ Қазақстанда әртүрлі жоспарлы экономикалық дамуды қолдау үшін жергілікті нарықта сатып алуды және жабдықтауды жүзеге асыруға басымдық береді. Жергілікті қамту деңгейін арттыру бойынша науқандарды іске асыру Топқа соңғы жылдардағы жергілікті қамту үлесін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

ПРАКТИКАЛЫҚ МЫСАЛ

**Жас таланттарды дамыту:
шығармашылық және
инновациялар орталығы**

Жастардың шығармашылық және инновациялық әлеуетін арттыруға бағытталған «Самғау» орталығы 2024 жылдың желтоқсан айында Екібастұзда ресми түрде ашылды.

Орталық небәрі бір жылда салынды, 7 000 шаршы метрден асатын үш қабатты заманауи ғимаратқа инвестиция салуда KAZ Minerals негізгі демеуші болды.

«Самғау» орталығы Екібастұздың білім беру және мәдени кеңістігін жақсартуға бағытталған, сонымен қатар жастарға мүмкіндіктер беруге және жергілікті қауымдастықты дамытуға ерекше көңіл бөледі. Орталық балаларға сурет салу, балет, орындаушылық өнер, робототехника, музыка және жаратылыстану ғылымдары сияқты пәндер бойынша тегін қосымша сабақтарды қоса алғанда, кең мүмкіндіктер ұсынады. Мұнда сондай-ақ арнайы бөлмелер бар: дыбыс жазу және телестудия, ғылыми зертханалар және ғарыштық радиобайланыс клубы.

Орталықтың ғимараты әр балаға, оның физикалық қабілеттеріне қарамастан, тең мүмкіндік беру мақсатында жасалған. Мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған көтергіштер мен ерекше балаларға арналған жабдық сияқты арнайы шешімдердің арқасында орталық әрбір баланың білім беру бағдарламаларына толық қатысуы үшін жағдай жасайды.

Бұл Топтың тең мүмкіндіктер қағидатын ұстанатынын көрсетеді.

«Самғау» орталығы 9 000-нан астам балаға қызмет көрсетеді деп күтілуде, алдағы уақытта Екібастұздағы балалар мен жасөспірімдердің 70%-ын қамту мақсатында орталықты кеңейту көзделген.

«Самғау» орталығының ашылуы білім беру саласындағы маңызымен қатар, шамамен 50 оқытушыға жаңа жұмыс орындарын ұсынып, жергілікті педагогтардың тұрақты жұмыспен қамтылуына жағдай жасады. Бұл Екібастұздың экономикалық дамуына қосымша серпін берді.

Бұл жоба KAZ Minerals Тобының өңірлік қоғамдастықты қолдауға және дамытуға деген ұстанымын дәлелдейді. «Самғау» орталығы заманауи жабдықталған бөлмелерді ұсынады және инклюзивті білім беруді қолдай отырып, жергілікті жастардың қабілеттері мен дағдыларын дамытуға жәрдемдеседі, сондай-ақ қоғамның дамуына және инклюзивті болуына үлес қосады.



**«Самғау» орталығы Екібастұздың
білім беру және мәдени кеңістігін
жақсартуға бағытталған, сонымен
қатар жастарға мүмкіндіктер беруге
және жергілікті қауымдастықты
дамытуға ерекше көңіл бөледі.**

ТЕРМИНДЕР СӨЗДІГІ

АҚШ

Америка Құрама Штаттары

АҚШ центі/фунт

бір фунт үшін АҚШ центі

Аурудың тіркелетін жағдайы

кәсіптік респираторлық аурулар, есту қабілетінің кәсіби бұзылыстары, тірек-қимыл аппараты патологиялары, онкологиялық және басқа да кәсіптік аурулар санатындағы аурудың жаңа жағдайы

Бас директорлар

Ақтоғай, Бозшакөл, Бозымшақ кеніштерін және Шығыс өңірінің кәсіпорнын қамтитын Топтың өндірістік бөлімшелерінің бірінші басшылары

Байқау кеңесі

KAZ Minerals International DMCC Байқау кеңесі. KAZ Minerals-ты Компания сатып алғанға дейін Топтың операциялық қызметін басқару бойынша ұқсас міндеттерді KAZ Minerals Limited Директорлар кеңесі жүзеге асырды

БАӘ

Біріккен Араб Әмірліктері

Директорлар

Компанияның директорлары

ЕҚӨҚЖТД

Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және тұрақты даму

Есепке алынатын жағдайлардың жалпы жиілік коэффициенті

жұмыс істеген бір миллион сағатта орын алған есепке алынатын жағдайлар саны

Есепке алынатын жарақаттардың жалпы жиілік коэффициенті немесе TRIFR

жұмыс істеген бір миллион сағатта орын алған есепке алынатын жарақаттардың саны

ESG саясаттары

Климаттың өзгеруі саласындағы саясат, Қалдыққоймаларды басқару саласындағы саясат және Су ресурстары саласындағы саясат

ЕО

Еуропалық одақ

ESG

Қоршаған орта, әлеуметтік сала және басқару мәселелері

КҚБК немесе JORC

Кен қоры жөніндегі біріккен комитет

Комитет немесе Комитеттер

«Комитет» сөзі қолданылатын контекстке байланысты KAZ Minerals Тобының келесі комитеттерінің барлығы немесе біреуі: Аудит жөніндегі комитет; Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және тұрақты даму жөніндегі комитет; Сыйақы жөніндегі комитет және Кандидатураларды ұсыну жөніндегі комитет

Компания немесе KAZ Minerals International

KAZ Minerals International DMCC

KAZRC кодексі

Қазақстан Республикасының тау-кен және геологиялық барлау компанияларының жария есебіне қойылатын ең төменгі талаптарды белгілейтін Геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері, минералдық ресурстар және минералдық қорлар туралы жария есептіліктің қазақстандық кодексі

Кадрлық резерв бағдарламасы

тиісті оқыту мен тәлімгерлікті қамтамасыз ету мақсатында басшы лауазымдарға кандидаттарды анықтауға арналған бағдарлама

Кеңес немесе Директорлар кеңесі

Компанияның Директорлар кеңесі

Қайта құру

Қазақстанның Жезқазған және Орталық өңірлерінде орналасқан Топтың тау-кен өндіру, қайта өңдеу, қосалқы, көлік және жылу-энергетикалық активтерін Kazakhmys Holding Group компаниясының пайдасына беруді акционерлер 2014 жылғы 15 тамызда жалпы жиналыста мақұлдады және ол 2014 жылғы 31 қазанда аяқталды. Берілген активтер тізіміне 12 мыс өндіруші кеніш пен игеруге арналған әлеуетті кен орындары, төрт байыту фабрикасы, екі мыс балқыту зауыты, екі көмір разрезі және үш ЖЭО кіреді.

Қырғызстан

Қырғыз Республикасы

Қазақстан

Қазақстан Республикасы

МАҚСАТ

Тұрақты даму саласындағы мақсаттар

мегалитр

бір мың текше метр

млн унция

миллион унция

млн тонна

миллион метрлік тонна

млн т/жыл

жылына миллион метрлік тонна

мың унция

мың унция

мың тонна

мың метрлік тонна

ПГ

парниктік газ

Петаджоуль немесе ПДж

Халықаралық бірліктер жүйесіндегі жұмыс, энергия және жылу мөлшерінің стандартты өлшем бірлігі, 10¹⁵ джоульге тең

ПГ туралы хаттама

Парниктік газдар туралы хаттама, Әлемдік ресурстар институтының және Тұрақты даму жөніндегі дүниежүзілік іскерлік кеңестің бастамасы Есептілік бойынша жаһандық бастама

CO²

көмірқышқыл газ

CO²-е

көмірқышқыл газдың эквиваленті

TCFD

Климаттың өзгеруіне қатысты қаржылық ақпаратты ашу жөніндегі жұмыс тобы

TRI

Есепке алынатын жарақаттардың жалпы саны

Тікелей желі

жыл сайын KAZ Minerals Директорлар кеңесінің төрағасы Олег Новачук өткізетін қызметкерлермен сұрақ-жауап сессиясы

Тіркелетін жарақат

өндірістік жарақаттың жаңа жағдайы, оның ауырлығы алғашқы медициналық көмектен асатын емдеуді қажет етеді немесе жұмыскердің жағдай басталғаннан кейінгі келесі күнтізбелік күні оның күнделікті еңбек міндеттерін орындай алмауына әкеледі.

Тераджоуль немесе ТДж

Халықаралық бірліктер жүйесіндегі жұмыс, энергия және жылу мөлшерін өлшеу бірлігі, 10¹² джоульге тең

Топ

KAZ Minerals International DMCC және оның еншілес компаниялары

унция немесе унц

бір троя унциясы (баламасы 31,1035 грамм)

Ұлыбритания

Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі

\$ немесе АҚШ доллары

АҚШ доллары, Америка Құрама Штаттарының валютасы

фунт

салмақтың өлшем бірлігі

ICMM

Тау-кен ісі және металдар жөніндегі халықаралық кеңес

Speak Up

Топтың сыбайлас жемқорлық және заңсыз қызмет фактілері туралы хабарламаларды жіберу жөніндегі құпия анонимдік жүйесі

JORC кодексі

Аустралия және Азия елдерінің минералды ресурстар және кен қорлары бойынша деректерді ұсыну рәсімдерін реттейтін кодексі — ол геологиялық барлау мақсатындағы зерттеулердің қорытындылары бойынша, минералдық ресурстар және кен қорлары бойынша деректерді ұсынудың ең төменгі стандарттарын белгілейтін кәсіптік кодекс.

ХҚЕС

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары

DMCC

Дубай көп профильді тауар-шикізат орталығы

1-қамту аймағының шығарындылары

Топқа тиесілі көздерден шығатын парниктік газдардың тікелей шығарындылары

2-қамту аймағының шығарындылары

электр, жылу немесе бу энергия көздерінен алынған энергияны тұтынудан бөлінген парниктік газдардың жанама шығарындылары

\$/т

бір метрлік тонна үшін АҚШ доллары

г/т

бір метрлік тонна үшін грамы

KAZ
MINERALS



ТҰРАҚТЫ ДАМУ
ТУРАЛЫ ЕСЕП
2024 Ж.

www.kazminerals.com